

ТҮРКІ ӘЛЕМІ, ТҮТЕЛ БОЛ!

«Түркістан – ер түркінің бесігі ғой» деп ұлт мақтанышы Мағжан Жұмабаев көркем сөзбен айшықтаған Түркістан шаһары – Алаш жұртшылығына ғана емес, барша түркітілдес халықтар үшін киелі мекен.

«ТҮРКСОЙ» ұйымы түркі әлемінің мәдени астаналарын таңдау жобасы бойынша өткен жылы Әзірбайжан мемлекетінің Шекі қаласында өткен кеңестің отырысында Түркістан қаласын түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы етіп жариялаған еді. Түркістан – Астана мен Түркияның Ескишеһир, Түркіменстанның Мары және Әзірбайжанның Шекі қалаларынан кейін осындай мәртебеге ие болған бесінші қала.

Күн мен түн теңелген 21 наурыз күні барша түркі халқының мәдени және рухани орталығы атанған ежелгі Түркістан қаласында өткізілген алқалы жиынға «ТҮРКСОЙ-ға» мүше 23 мемлекеттен 300-ге тарта қонақтар мен ғалымдар, халықаралық ұйымдар өкілдері, қазақстандық зиялы қауым және өнерпаздар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

«Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының аясында осы күні Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде «Түркістан және Түркология» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Оған ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиялы мен «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түйебаев және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты. Алқалы басқосуға ұйымның жыл бойы атқарған іс-шаралары сараланып, алдағы жұмыс жоспары бекітілді.

Басқосуда ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиялы, Түркияның Мәдениет және туризм министрінің орынбасары Мұстафа Рухи Әзбилгич, мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков, «ТҮРКСОЙ-дың» бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, халықаралық түркі академиясының басшысы Дархан Қыдырәлі сөз сөйледі. Сонымен бірге, Түркияның Мармара университетінің профессоры Томар Жентіз бен ресейлік ғалым Фир-даус Хисамитдинова баяндама жасады. Басқосуда 8 мемлекеттің 115 ғалымының баяндамалары жинақталып, қатысушылар назарына ұсынылды.

Шара аясында құрметті меймандар Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен оның айналасына жерленген қазақ хандары мен абыз-әулиелері, билері мен батырларына арналған пантеонда болды. Түркістан тарихи музейін аралап, ондағы жәдігерлермен танысты. Түркістандықтармен бірге Ұлыстың Ұлы мейрамы – аз Наурыз мерекесін тойлап, наурызкөжеден дәм татты. Қала көркемөнерпаздарының өнерін тамашалады.

Шара барысында түркітілдес елдердің 300-ге жуық мәдениет меймандары өнер көрсетті. Салтанатты жиында әлем халқын бірлікке, достыққа, бейбітшілікке шақыруға арнаған үндеу қабылданды.

2-бет

25

НАУРЫЗ
СЕНБІ

2017 ЖЫЛ
№43-44 (19329-19330)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



НАУРЫЗ ТОЙЫ – ЖАРҚЫН БЕЛЕС БАСТАУЫ



Шығыс халықтарының байырғы мерекесін, Ұлыстың ұлы күнін қызылордалықтар биыл да ерекше ықыласпен атап өтті. Қаладағы орталық алаңда 30-ға жуық киіз үй тігіліп, ұлттық нақыш салтанат құрды. Сахна төрі әсем безендірілді. “Наурыз құтты болсын!”, “Ұлыстың ұлы күні құт әкелсін!” деген қанатты сөздермен көмеркілеген жазбалар да мереке көркін аша түсті. Оның үстіне шара барысындағы ән-күй сазы ұлан-асыр той-думанның дүрмегін әуелетіп әкетті. Тан атғысмен халық алаңға жиналып, төс түйістіріп, мәз-мейрам болысты. Көне дәстүр мен ұлттық құндылықтардан сыр шертетін көріністер көпшілік назарына ұсынылып, әртүрлі спорттық ойындар мен жарыстар ойналды. Ойын-той десе ішкен асын жерге қоятын халықтық ғой. Сол әдетінен бұл жолы да танбаған ағайын сайыскерлерге – қуат, жеңіске ұмтылыс сыйлап отырды. Сондай-ақ, аспаздардың басты мерекелік тағамды әзірлеу шеберлігі сыналды. Ең қызығы, олардың өнеріне жалпыхалықтық серуенге келген көрермен



казылық етті. Облыс әкімдігінің шақыруымен түркітілдес елдерден келген өнерпаздар да өнерін паш етіп, бауырлас 11 халықтың ән-биінен шашу шашты. Шара барысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жиналған жұртшылықты Наурыз мерекесімен құттықтап, бақыт, бірлік пен береке тіледі.

– Былтыр біз Тәуелсіздіктің ширекғасырлық мерейтойын ауызбірлікпен атап өттік. Жылды жемісті қорытындыладық. Мерейлі жылы Сыр елі орасан зор жетістікке қол жеткізді. Өңдеу өнеркәсіпін дамыту және тұрғын үй құрылысының қарқыны бойынша облыс республика аймақтарының арасында көшбасшылар қатарында. Төртінші жыл қатарынан күршітен рекордтық өнім жинап, диқан қауымын Елбасы арнайы құттықтады. Ұлыстың ұлы күнінде айтылған барлық тілек қабыл болады деген ежелден келе жатқан сенім бар. Олай болса, Наурыз мерекесі баршаныңызға жана жетістік, молшылық пен татулық әкелсін. Тәуелсіз еліміз тыныш, әрбір жана күн барлық отбасына шат көңіл, бақ-береке сыйласын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! – деді аймақ басшысы.

“ТҮРКСОЙ” ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов Сыр бойы жұртшылығын түркі халықтарының ортақ мерекесімен құттықтап, ақ тілегін арнады. Түркістан – түркі әлеміне мәдени астана атанғанын жеткізген халықаралық ұйымның басшысы барша түркінің ортақ абызы – «Қорқыт ата» ескерткіш кешенінің туризм орталығына айналатынын атап өтіп, облыс басшысына алғысын жеткізді.

Мереке барысында Қырымбек Көшербаев пен Дүйсен Қасейінов екі сәбидің тұсауын кесті. Сондай-ақ, көптен ұмыт қалған дәстүрдің бірі – қымызмұрындық жаңғырды. Осылайша, еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін жаңару мен жандану мейрамын шат-шадыман көңілмен қарсы алып, сан-салтанатпен тойлады.

Молдір КАЛЫМБЕТ.
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

● СӘУЛЕТ ПЕН ДӘУЛЕТ

ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ШАҒЫН АУДАН

Тауық жылының алғашқы таңы атқанда Қызылорда аспанының алабұртып тұрғанына қарамастан, жұртшылық мереке өтетін орындарға қарай ағыла бастады. Тұрғындардың бір легі Жаппасбай батыр көшесіндегі жаңа тұрғын ауданның ашылу салтанатына қарай бет түзеді. Үлкендер жағы жер дүние жасарып, жанаратын сәтте қыламықтаған қарды аспаннан нұр себегілегенге балап жатты.

Ұлыстың ұлы күнінде басталған бастаманың сәтті болатынын ырымдаған ата-бабаларымыз бұл күні бұлақтың көзін ашып, сәбидің

тұсауын кескен емес пе? Сол үрдіспен Наурыз мерекесінде 12 көпқабатты үй сап түзетін тағы бір жаңа шағын аудан пайдалануға берілді. Жаңа шағын ауданға 580 отбасы қоныстанбақ. Бұдан бөлек «Титов» шағын ауданында апатты жағдайдағы үйлердің орнына 100 пәтерлік 2 тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді.

Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, «ТүрКСОЙ» ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Парламент депутаттары қатысты. Аймақ басшысы жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтап, құрылысшыларға

жемісті еңбектері үшін ризашылық білдірді.

– Наурыз мерекесіне Қызылорданың құрыш қолды құрылысшылары ерекше сый жасады. Бір күнде 14 көпқабатты үйден 680 отбасы пәтерлі болып, қоныстойлар жасалуда. Соңғы жылдары аймақтағы құрылыс көлемі 3,5 есеге, Қызылорда қаласында 8 есеге өсті. Өткен жылдың өзінде 4500-дей пәтердің кілтін ашатын 80 көпқабатты үй салынды. Жаңа көпірден дариынның арғы бетіне өткен құрылысшылар сол жағалаудағы алғашқы нысандардың құрылысын бастап кетті.

Өткен жылы Сыр өңірінде экономикалық қиындықтарға қарамастан, өңдеу өнеркәсібі, тұрғын үй құрылысы, ауыл шаруашылығы қарқынды дамыды. Құрылыс жұмыстары барысында 20 мыңнан аса адам жұмыспен қамтылды. Қаржылық дағдарыстың қиындықтарын жұмыла көтеріп, жеңіп келеміз.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда, 2013 жылмен салыстырғанда халықтың табиғи өсімі 2 есеге артқан. Қазір Сыр елі халқының саны 800 мыңнан асты. Алдағы 7-10 жылда 1 млн-нан асамаз. Өйткені жұртшылық тәуелсіз еліміздің болашағына сенеді. Ылайым, халқымыздың ынтымағы мығым, ауызбірлігі мықты болсын! Еліміз, Елбасымыз аман болсын! Қызылорда жаңарып, жасара берсін! – деді ол.

Елбасы тапсырмасымен биыл «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылмақ. Алдағы 15 жылда 1,5 миллион отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсаты айқындалған. Соңғы 4 жылда Қызылордада жаңадан 11 шағын аудан бой көтеріп, 7 мыңнан астам отбасы өз баспанасына қол жеткізді.

Салтанат соңында шағын ауданның құрылысын жүргізген мердігер мекемелер басшылары қалалық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Е.Бердібекова үйлердің символикалық кілтін табыстады. Ұлыстың ұлы күніндегі көл-көсір қуаныш қоныс тойларына ұласты.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.



Экономикалық дамудың жаңа моделі

Елбасының биылғы Жолдауындағы басты идеялардың бірі – Қазақстанның әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық дамудың жаңа моделін құру. Бұл ретте, цифрлық технологияларға аса көп көңіл бөлінетіні белгілі. Алайда, Жолдауда айтылған жаңа модель Қазақстан экономикасының дәстүрлі салаларын дамытуға негізделетінін де айта кеткен жөн. Нақтылай түсек, мұнай өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік саласы және т.б. Осыған байланысты мемлекеттің экономикалық даму мәселесінде қандай жаңа басымдықтарға назар аударатынын айқындап алу қажет.

3-бет

● САПАР

КӘСІПКЕРЛІКТІ КЕҢЕЙТҮДІҢ КЕЗЕҢІ КЕЛДІ

КӨПТЕН КҮТКЕН КҮН

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бес ауданға жұмыс сапарымен барды. Аймақ басшысы әр ауданда кәсіпкерлікті дамытуға қатысты актив жиындарына қатысып, тиісті тапсырмалар берді.

Аралдағы іссапар игілікті істің іргетасын қуядан басталды. Тоғыз жеткен аудандық ауруханаға жана ғимарат салудың бірнеше жылдан бері орайы келмей жүргенді. Бұйырғанда, аралдықтар келер жылдың қыркүйегінде заманауи талаптарға сай жана аурухана қызметіне жүгінетін болады.

Ашпын айтсақ, қазіргі аурухана 1989 жылы салынған. Жыл сайын 10 мыңға жуық тұрғына стационарлық көмек көрсететін нысан уақыт ағымына сай келмей, 2012 жылы апатты жағдайда деп танылды. Ал, бой көтерер жана ғимарат – 150 тесектік. Ол бес текстар ауамалқа орналасады. Яғни, ауласы кең, тынысы мол орын болмақ. Бұл құрылысқа 5 млрд теңге қаржы қаралған. Бастысы – емдеу мекемесі тұрғындар сұранысын толық көлемде қанағаттандырмақ. Мәселен, аурухана құрамына 65 тесектік гешикологиялық және туу бөлімшелері бар перзентхана кіреді. Бұл аналардың аман-есен өмірге ұрпақ әкелуіне бар жағдай жасалады деген сөз.

Жана аурухананың іргетасын құю рәсімінде аймақ басшысы сөз сөйлеп, жұртшылыққа мерекелік тілегін арнады. Қуаныштан жүздері бал-бұл жанған

ағайынның атынан ардагер Шәкірат Дәрмағамбетов алғысын жеткізіп, батасын берді.

ШАҒЫН ЖӨНЕ ОРТА БИЗНЕС – ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКА ТҮТҚАСЫ

Шағын және орта кәсіпкерлік – экономиканың күре тамыры. Бүгінде саланы дамытудың жан-жақты тетіктері іске қосылууда. Айталық, «2017 жылы Қызылорда облысында кәсіпкерлікті дамытудың бірыңғай жол картасы» әзірленді. Аймақ басшысының қатысуымен аудан активінің жиынында аталған жол картасы таныстырылып, Аралда атқарылып жатқан жұмыстар сараланды.

Әлем елдері бүгінде қаржылық дағдарыстың құрсауынан әлі құтыла қойған жоқ. Оған қара алтын бағасының құбылуы өз әсерін тигізіп отыр. Аймақ басшысы актив жиынындағы кіріспе сөзінде оған арнайы тоқталып, қалыптасқан жағдайлы егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Яғни, ел бюджетінің болжануы мұнай өндіру көлемін қысқартты, оның 70 пайызы біздің облысқа тиесілі. Енді қайтпек керек? Аймақ басшысы Елбасының жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін 50 пайызға жеткізуді жөніндегі тапсырмасын орындау экономикалық дамуында елеулі рөл атқаратынын айтты. Сондықтан да, кәсіпкерліктің дамуына

ерекше серпін беруіміз қажет. «2017 жылы Қызылорда облысында кәсіпкерлікті дамытудың бірыңғай жол картасының» дайындалуы осы мақсаттан туындап отыр.

– Кіші және орта бизнесті дамыту экономиканы тұрақтандырады. Бұл орайда әлемде Польша мемлекеті алға шығып отыр. Қаржылық қиындықтар кезінде біз де бұл саланы жетілдіріп, кең көлемде дамытуға мүдделіміз. Әсіресе, ауылдық әулет мекендерде кәсіпкерлік нысандарын ашудың өзектілігі жоғары, – деді аймақ басшысы.

Елімізде денсаулық саласында міндетті сақтандыру жүйесі іске қосылғалы жатыр. Яғни, жұмыссыз барларға төлемді жұмыс орны жасайды. Ал, жұмыссыздар есепке тіркеліп, мемлекеттен бөлінетін көмекке жүгінеді. Жеке кәсіпкерлер болса, сақтандыру жүйесіне табысынан бөліп береді. Аймақ басшысы бұл бастаманың қолданысқа енуі жұмыссыздар санының бірнеше есе өсуіне әкеп соқтыратындығына баса назар аударды. Бұл тығырықтан шығудың төте жолы – кәсіпкерлікті жаппай дамыту. Мәжілісте облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким «2017 жылы Қызылорда облысында кәсіпкерлікті дамытудың бірыңғай жол картасын» таныстырды.

– Жол картасының басты міндеттері – техникалық және кәсіби білім беру, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды бірінші кезекте кәсіпкерлікке оқыту. Сондай-ақ, ауылдық жерлерді шағын несиемен қамту, ауылшаруашылық кооперативтерін құру.

Бұл мақсаттар үшін ағымдағы жылға республикалық бюджеттен 6,9 млрд теңге, облыстық бюджеттен 8,8 млрд теңге бөлінген. Қаржы институттары мен екінші деңгейлік банктен 28,7 млрд теңге, жеке инвестициядан 57,5 млрд теңге бөлінді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жиында Арал ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев ауданда кәсіпкерлікті дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап берді.

– Ел экономикасында болып жатқан қиындықтарға қарамастан, өнеркәсіпте өсу қарқыны өткен жылы сақталды. 2016 жылы өнеркәсіп кәсіпорындары 7,2 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімдерін өндіріп, салыстырмалы уақытта нақты көлем индексі 101 пайызды құрады. Оның ішінде кен өндіру өнеркәсібі 120,7 пайызға, өңдеу өнеркәсібі 111 пайызға артты. Жан-жақты қолдау шаралары нәтижесінде, аудандағы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 3875 бірлікті құрады. Оларда жұмыспен қамтылғандар саны – 5634 адам. Ал шағын және орта бизнестен 2016 жылы аудан бюджетіне 760 млн теңге көлемінде түсім түсті, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ, Мұхтар Әуесұлы облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес дайындалған «2017 жылға арналған Арал ауданы бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың іс-шаралар жоспарын» таныстырып өтті. Яғни, Арал ауданында қысқа мерзімде кәсіпкерлікті дамытуға, жана жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін 3 бағыт айқындалған, онда 97 жоба қамтылып отыр.



Жоғарыда аталған жол картасын жүзеге асыру негізінен кәсіпкерлік палатасына жүктеліп отыр. Жиында облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы Асқар Махамбетов баяндама жасады. Ол «Бастау» бағдарламасы аясында 200-дей адам кәсіпкерлікке оқытылатынын жеткізді. Яғни, бизнес-бағдарлардың көмегімен оқытылып, сертификат алғандар бизнес жоба ұсынып, несиеге қол жеткізеді. Асқар Махамбетов бұл орайда туындаған мәселе болса, тікелей өзіне хабарлауды жеткізді.

Аймақ басшысы баяндамашылар сөзінен соң тиісті тапсырмалар берді.

ӨНДІРІСТІК ЖОБАЛАР КӨБЕЙОТІС

Облыс әкімінің Қазалы ауданына сапары барысында да кәсіпкерлікті дамы-

ту бағытындағы актив жиыны өтті. Облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким «2017 жылы Қызылорда облысында кәсіпкерлікті дамытудың бірыңғай жол картасын» таныстырып, аудан әкімі Нәжмадин Шамұратов атқарылып жұмыстар жайын баяндады. Аймақ басшысы кәсіпкерлікті дамытуға келгенде үйреншікті бизнес түрлерін емес, өндірістік жобаларды қолға алу қажеттігін атап өтті.

– Қазіргі таңда кәсіпкерлер өндірістік жобаларға қаржы салуға қызығушылық танытпайды. Оның орнына мейрамхана, сауна, асхана, көлік жуу орындарын ашу секілді үйреншікті бизнес түрлерін таңдайды. Сондықтан, әкімдік өнеркәсіп саласында өндірілген өнімнің нарыққа шығарылып, тұтынушыға жеткенге дейінгі процесті қадағалауы тиіс. Барлығымызға да белгілі, 2017 жылдан бастап Үкіметпен әзірленген «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

2-бет

ТҮРКІ ӘЛЕМІ, ТҮГЕЛ БОЛ!

Түркістан шаһарында өткен мерекеден ерекше әсер алған қонақтар қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің тәрбиелік мағынасы тереңде жатқанын айтып, ризашылықтарын білдірді. Шара соңы түркітілдес мемлекеттерден келген өнер ұжымдарының гала-концертіне жалғасты.

Содан соң алкалы жиынға қатысушылар еліміздің әр аймағында орналасқан тарихи-мәдени орындармен танысуға аттанды.

22 наурыз күні қонақтардың бір тобы Қармақшы ауданына келіп, күллі түркі әлемінің абызы атанған Қорқыт ата музейінде болып, кешенді аралады. Музейдегі ұлтымыздың шежіресінен сыр шертетін тарихи жәдігерлермен танысты.

Осы ретте, делегацияны бастап келген «Түрксой» халықаралық ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейиновпен жолығып, Түркістан қаласында өткізілген алкалы жиын туралы ой бөлісуге сұрады.

— Өздеріңіз білесіздер, өткен жылы Әзірбайжан мемлекетінің Шеки қаласында осы жылғы басқосуды Түркістан қаласында өткізу туралы шешім қабылданған болатын. Және 2017 жыл «Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы» деп белгілеген болатын. Осындай мәртебеге ие болған түркістандықтар осы жиында өткізуге құлшына кірісіп, оның жоғары деңгейде өтуіне ерекше еңбек сіңірді. Алкалы жиын соңы думанды тойға ұласты. Осындай думанды шоуы тамашалаған қонақтар тандай қағысып, ризашылықтарын білдірді. Бүгін олардың бірқатары киелі Қармақшы өңіріне яғни Қорқыт бабамыздың рухына тағзым етуге келді. Жалпы айтқанда, Түркістан қаласында өткен басқосуға 23 мемлекеттен, яғни Орта Азия, Еуропа мен Ресейден түрлі үлгі өкілдері қатысып, өздерінің ұлттық салт-дәстүрлерін, өнерлерін көрсетті. Басқосуда оған қатысушылар ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті.

Башқұртстан журналисі Лейла Аралбаева:

— Қазақстанға бірінші рет келуім. Керемет ел. Халқы қонақжай екен. Мен қазір ата-бабаларымыз салған және жүріп өткен Ұлы Жібек жолында тұрмын. Кеше Түркістан қаласында өткен «Наурызана» мерекелік шарасына қатыстым. Мереке аясында ұйымдастырылған қойлымыдар арқылы ежелгі қазақ халқының тұрмысын көрдім. Бәрі тамаша. Мен үлкен әсермен туған еліме оралғалы тұрмын. Туған халқыма қазақ халқының, қазақстандықтардың қандай тамаша өмір сүріп жатқанын айтып барамын. Сіздер тарихты бағалайды екенсіңіздер. Мен осыған қуанып отырмын. Оған дәлел, барша түркі халқы пір тұтқан Қорқыт ағамызға арналған тарихи кешен, музей – мұның бәрі біз үшін үлгі. Қорқыт ата стелласынан үні жүрегімінен мәңгі кетпейтін қобыздың үнін естідім. Қылуестке кіріп, тілек тіледім. Қорқыт ағамызға тәу еттім. Киелі Сыр еліне, қасиетті Қармақшы өлкесіне мен тағы келемін. Өзім ғана емес, отандастарымды да ертіп келемін. Олар да қазақ халқы өнерді, мәдениетті, тарих пен ата салт-дәстүрін қалай қастерлейтінін көруі тиіс.

Қорқыт ата мемориалдық музейін аралап, танысқан қонақтар **1-бет** аруақтарға қол жайып, дұға жасады. Сапардан үлкен әсермен қайтқан меймандар қармақшылықтарға алғыстарын айтты.

Былғы Наурыз мерекесі жұртшылықты ерекше әсерге бөледі. 22-23 наурыз күндері «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында Сыр өңіріне тілегі ортақ, ниеті бір түркітілдес мемлекеттерден бауырларымыз келді. Аптаның бейсенбісінде мәртебелі меймандар Шиелі ауданына ат басын тіреп, жамағатпен жарқын жүзdestі. Аудандық мәдениет үйіндегі игі шарада аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев қонақтарға ізгі ниетін білдірді. Ал, «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының Қазақстандағы өкілі Аскар Тұрғанбаев өз кезегінде ынтымағы жарасқан аудан тарихынан хабарлар екендігін білдіріп, жеміс пен береке тіледі.

Жарасымдылық мерекесінде Өзбекстан, Қырғызстан, Қалмақ, Саха-Якутия, Чуваш елдерінен келген өнерпаздар көптің көңілін жадыратып, ән құдіретке әділдеді. Түбі бір түркі елдерінен келген бауырлар өнеріне көрермен ерекше қошеметпен қолдау көрсетті.

— Бір бәйтеректің бұтағындай түркі халықтарының туыстас мәдениетінің арасындағы асыл дәнекер, алтын көпір осылай жалғасын тауып келеді. Ән-жырымыз асқақтап, Түркі жұртының тойы тарқамасын, –деді Қ.Р еңбек сіңірген қызметкері Әлмырза Ноғайбаев пікірлесу барысында.

СОЛ ЖАҒАЛАУДА ЖАҢА ҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Кешегі жексенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қаладағы бірқатар құрылыс нысанын аралады. Алдымен Құғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің қайта жаңғырту жұмысымен танысқан аймақ басшысы атқарылып жатқан ілкімді істерге оң бағасын берді.

Айта кетейік, «Арай» шағын ауданында орналасқан аталған ескерткіштің қайта жаңғырту жұмыстарына облыстық бюджеттен 142 млн 470 мың теңге қаржы бөлінді. Қайта жаңғырту жұмыстарын «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС атқаруда. Алдағы уақытта ескерткіш толықтай жаңғыртылып, ауласына арнайы аллея салынады. Сонымен қатар, түнгі жарықшамдар орнатылып, асфальт жол төселеді. 4,5 мың шаршы метр аулаға көркейту-көгалдандыру жұмыстары да жүргізіледі. Аталған ескерткіштің қайта жаңғырту жұмыстарын серіктестік 25 мамырда аяқтауды жоспарлап отыр.

Мұнан соң облыс басшысы Қорқыт ата көшесіне жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Қазыбек би көшесі мен «Қызылорда-Жезқазған» трассасы аралығындағы 5,8 шақырым жолға «УАД» ЖШС күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Алдағы уақытта көшеге асфальт төселіп, түнгі жарықшамдар орнатылады. Сонымен қатар, жолдың екі жағына арық пен автобус аялдамалары салынады. Күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 1 млрд 426 млн 365 мың теңге қаржы бөлінді. Тиісті қаражатқа жоба бойынша көше бойынан 22 дана аялдама салынып, Жаппасбай батыр көшесі мен Жезқазған трассасына дейінгі аралыққа 118 жарық бағана орнатылады. Облыс әкімі күрделі жөндеу жұмыстарын сапалы әрі уақытында аяқтауды тапсырды. Сондай-ақ, аймақ басшысы мереке қарсаңында тұрғындардың қуанышына айналған көпқабатты тұрғын үйлердің іргетасын қалау рәсіміне қатысты.



ҚЫЗЫЛӨЗЕКТЕН ШЫРАЙЛЫ ШАТТЫҚ ЕСЕДІ

Табиғат жанарар мезгілдегі Ұлыстың ұлы күнін Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек, Айнакөл ауылының тұрғындары да жоғары деңгейде тойлады.

Мейірім мен ізгілікке толы мереке облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов, қала әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, қалалық мәслихат хатшысы Роза Боханова және арнайы шақырылған бір топ зиялы қауым өкілдері қатысып, ауыл жұртшылығына ақ тілектерін білдірді.

Алдымен, мерекеге жиылған меймандар ауыл іргесіндегі ардагерлер аллеясына ағаш отырғызды. Онда ауыл әкімі Жасұлан Шынтасов аумағы 5 гектардан асатын бұл жеміс-жидек бағындағы ағаштарды көбейту жұмыстары жасалғандығын айта келе, аталған баққа ауылға еңбегі сіңген Алтай Сындықовтың есімі берілгендігін жеткізді.

Мұнан соң, көпшіліктің қатысуымен Қараөзек ауылындағы «Хандоулет 2» балабақшаның ашылу салтанаты өтті. Бұл мектепке дейінгі білім беру мекемесінің құрылтайшысы Назгул Төлегенова балаларға сапалы білім мен меріне беретін білікті тәрбиешілер, тәжірибелі әдіскерлер мен ән және би үйірмелері жетекшілері жұмыс жасайтындығын айтты. Бұрын-соңды мұндай орталық ауылда болмағанын ескерсек, енді уақытта ауыл балалары әсемдігі көз тартар заманауи балабақшада тәрбиеленетіні болады.

Сонымен бірге, көптен бері шешімін таппай келген «Ар-

дагерлер бөлмесі» де осы күні ашылды. Ауыл ақсақалдары бас қосатын орталықтың ашылу салтанатында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Шаухаманов атқарылған біршама игілікті істерге оң бағасын беріп, бірілгі жарасқан ауыл тұрғындарын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

Айталық, Қызылөзек ауылдық округіне қарасты 3 елді мекенде (Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Айнакөл ауылы) 3535 адам тұрады. Бүгінгі таңға барлығы 300-ге жуық еңбек ардагерлері болса, оның ішінде тыл ардагерлері 27 адамды құрайды.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып, Тәуелсіздік тұғырын нығайтуға атсалысқан ардагерлер қауымы қашанда қоғамымызды алға жылжытқан жанару үрдістеріне бейжай қарай алмайды. Өмірден көрген-түйгені мол қазыналы қариялар ұрпақ тәрбиесімен айналысып, өздерінің бай тәжірибесімен бөлісіп, ақыл-кеңестерін айтып, өнегелерін үйретеді. Осы мақсатта, ауылдық округ әкімі аппараты ұйымдастыруымен «Қараөзек» мешіті жанынан «Ардагерлер бөлмесін» жабдықтап, ашылу салтанаты өтуде. Онда ардагерлер өзара өлі-пікірлерін ортаға салып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, тілі мен дінін құрметтеуге, салт-дәстүрді сақтауға тәрбиеленді, – дейді жиын барысында сөз алған ауыл ақсақалдары.

Ігілікті істердің күресі болған көпшілік ауылдағы әз Наурыз мерекесіндегі спорттық шаралар мен облыстық жас

істің күресі болып отырмыз. Осыған дейінгі атқарған жұмыстарыңызға ризашылығымды білдіре отырып, алдағы міндеттеріңді абыроймен атқаруға сәттілік тілеймін, – деді аймақ басшысы.

230 пәтерлі 4 қабатты тұрғын үйдің жалпы ауданы 15,6 мың шаршы метрді құрайды. Жана пәтерлердің құрылыс жұмыстарына 2 млрд 637,1 млн теңге қаржы бөлінді. Көпқабатты тұрғын үйлер «Өңірлерді дамыту-2020» бағдарламасы аясында «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры АҚ-мен бірлесіп салынуда. Аталған нысан шілде айының басында ел игілігіне беріледі.

Аймақ басшысы мұнан соң Сырдарияның сол жақ жағалауынан салынатын жаңа нысандар құрылысын назарға алды. Өзеннің сол жағалауында жаңа тұрғын үй құрылыстарын жүргізу үшін жер тегістеу жұмыстары басталды. Онда 18 көпқабатты үй жергілікті кәсіпкерлердің жеке қаржысы есебінен бой көтереді. Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың айтуынша, мұнда ағымдағы жылдың қыркүйек айына дейін кемінде 20 көпқабатты үй салынады деп күтілуде.

— Біз әлеуметтік нысандар құрылысы бойынша кәсіпкерлермен бірлесіп жұмыс жасап жатырмыз. «Абу Сер» компаниясы 320 орнандық балабақша құрылысын салуға кірісті. Тағы бір кәсіпкер мұнда сауда орталығын ашуды көздеп отыр, – деді қала әкімі.

Айта кетейік, осыған дейін облыс әкімдігінің жанында арнайы штаб құрылған болатын. Штаб отырысында Жастар сарайының, онкологиялық орталықтың, мешіттің, «Болашақ» Университеті қалашығы құрылысының жобалары мақұлданды. Аймақ басшысы жауапты азаматтарға сол жағалауда құрылыс жүргізуге ниетті кәсіпкерлерді қолдау қажеттігін ескертті. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарымен қатар салық базасын ұлғайтуға да септігін тигізеді.

— Инженерлік-инфрақұрылым мәселелерін шешу – өз қолымызда. Сараптамалар жақын арада дайын болған соң бюджеттік өтінім жасау үшін мәслихаттың қезектен тыс сессиясын өткізу келісілген, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, Қ.Көшербаев құрылыс нысандарының архитектуралық келбеті ұлттық, шығыстық үлгіге сай болу қажеттігін айтты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ, Б.ЕСЖАНОВ (сурет).



ақындардың айтысын тамашалады. Екі мәрте «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов бастаған жас ақындар ауыл тойын одан әрі қыздыра түсті.

Жастар сахналық көрініс қойып, өнерлерін көпшілік назарына ұсынды. Бірі ән айтып, би билесе, енді бірі әз Наурызға арнап өлең оқыды. Ал, жігіттер тір көтеру, арқан тарту, қол күрес ойындарынан сыңға түсіп, нәтижесінде жеңімпаздар бағалы сыйлықтарға ие болды.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ.



Бағдарламаға сәйкес, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға жылдық пайыздық мөлшерлемесі 6 пайыздан аспайтын 8 000 айлық есептік көрсеткіш немесе 18 млн теңге шамасында микрокәсіпкерлер алуға мүмкіндік берілген.

Оған қоса, несие мерзімінің үштен бір бөлігіне дейін жеңілдік мерзімі қаралған. Осы ретте, барлық деңгейдегі әкімдер жұмыссыз жүрген және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, олардың қаржы сауаттылығын арттыруға міндетті, – деді аймақ басшысы.

Қазіргі таңда Қазылы ауданында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 4173-ке жетіп отыр. Яғни, өткен жылмен салыстырғанда 5,1 пайызға артық. Кәсіпкерліктің дамуына тікелей ықпал етіп отырған «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына 2016 жылы аудан кәсіпкерлері белсенді қатысып, 9 жоба жүзеге асырылған. Осы жылдың өзінде құны 141,9 млн теңгені құрайтын 4 жоба қаржыландырылған. Салыстырмалы түрде алсақ, бұл Қызылорда қаласынан кейінгі көрсеткіш.

Жиында, сонымен қатар, «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Асқар Махамбетов, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Самұрат Имандосов, «Сыр маржаны» ЖШС директоры Міножадин Өтесөттер сөз сөйлеп, өз пікірлерін ортаға салды.

БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ АУЫЛ ӨКІМДЕРІ ЖАУАПТЫ

Осы күні түстен кейін Қармақшы ауданына аялдаған облыс әкімі аудан активінің жиынына қатысты. Қос ауданда өткен мәжілістегі мәселелер мұнда да көтерілді. Яғни, кәсіпкерлік кең өріс алу үшін үкіметтік

КӘСІПКЕРЛІКТІ КЕҢЕЙТУДІҢ КЕЗЕҢІ КЕЛДІ

және өңірлік бағдарламаларды тиімді пайдалануға тиіспіз. Аймақ басшысы бұл орайда ауылдық округ әкімдеріне көп нәрсе байланысты екендігіне баса назар аударды.

— Барлық деңгейдегі әкімдерге белгілі, 2012 жылдың 28 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Тұжырымдамасына» сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару екі кезеңде жүзеге асырылуда. Бірінші кезеңде – қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту бойынша жұмыстар атқарылып, ауыл әкімдеріне салықтың 6 түрі берілген болатын. Қазіргі таңда, Тұжырымдаманың жергілікті өзін-өзі басқаруды әрі қарай дамытуға бағытталған екінші кезеңі жүзеге асырылуда. Дайындық жұмыстары басталып кетті, 2018 жылдан бастап 2000-нан астам халқы бар елді мекендерде өз бюджеті болады, – деген аймақ басшысы ауылдық округ әкімдерінің жұмысында кемшілік көптігін ашып айтты.

Мәселен, Қуандария ауылдық округінде әлі күнге монша, наубайхана жоқ. Сондай-ақ, Иіркөл ауылында тұратын 900 адамның 40-ы ғана жұмыспен қамтылған.

— Елбасы «Қазақстанның әрбір өңірі кәсіпкерлікті, оның ішінде отбасылық кәсіпкерлікті жаппай дамыту бойынша кешенді шаралар ұсыну қажет» екендігін атап өтті. Осы орайда, барлық деңгейдегі әкімдерге азаматтардың бағдарламаға белсенді қатысуына қолайлы жағдай жасауды тапсырамын. Атқарылған жұмыстар нәтижесімен ситуациялық орталық арқылы ай сайын әрбір әкімнің жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша қандай жұмыстар атқарып жатқанын көріп отырамыз. Рейтинг нәтижесімен ауыл әкімдеріне тиісті шаралар қабылданатын болады, – деді аймақ басшысы.

Жиында Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашев баяндама жасап, кәсіпкерліктің жай-күйін баяндады. Ол өз сөзінде Қармақшы ауданында кәсіпкерлік саласының даму барысы бәсеңдеу екенін, олқылықтың орнын толтыруға күш салынып жатқанын жеткізді. Мәселен, «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 159 млн теңге болатын 7 жоба несиелендірілген.

Аймақ басшысы кәсіп бастаушыларға берілетін 4 млн теңге несені «Ақтөбе и К» ЖШС секілді

шаруашылықтар арқылы жүзеге асыруды тапсырды. Бұл тұрғындардың бизнес жобаларының сәтті жүзеге асуына жол салады.

ҚАРЖЫ БАР, ЖАҒДАЙ БАР, ТЕК ЕЖЕКТЕНУ КЕРЕК

Облыс әкімінің аудандарға жұмыс сапарының екінші күні Жалағаш ауданында жалғасты. Аудан активінің мәжілісінде аймақ басшысы алдымен кәсіпкерлікті дамытудың өзектілігін арқау етті.

— Өздеріңізге белгілі, ағымдағы жылдың 31 қаңтарында Елбасы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында бизнес ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту бойынша біршама міндет қойды. Оның бірі – шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесін 2050 жылға дейін кем дегенде 50 пайыз болуын қамтамасыз ету. Осы міндеттерді іске асыру мақсатында облысымызда жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін бірыңғай өңірлік Жол картасын әзірледік. Жол картаның басты мақсаты – барлық кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған үкіметтік және өңірлік бағдарламаларды біріктіріп, оларды тиімді пайдалану болып табылады. Яғни, Жол картаға сәйкес ауылдық елді-мекендердегі жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, оларды тиімді шарттармен қаржыландырып, кәсіпкерлік субъектілерінде жұмыс орындарының санын ұлғайту және әрбір ауданда жаппай кәсіпкерлік пен ауылшаруашылық кооперациясын дамыту көзделген, – деді аймақ басшысы.

Жалағаш ауданы – облыстағы кәсіпкерлік көрсеткіші ең төмен өңір. Сондықтан да, аймақ басшысы қатаң сын-ескертпелер айтып, алдағы уақытта кемшіліктерді жоюды талап етті. Индустриалдық алаң толыққанды жұмысын бастамаған, инвестиция көлемі азайған. Аудан әкімі Талғат Дүйсебаевтың айтуынша, аудандағы тіркелген кәсіпкерлік нысандарының 76 пайызы нақты кезеңде жұмыс істеп тұр. 36 мың ғана халық тұратын шағын ауданның шатқаяқтауына негіз жоқтығын айтты аймақ басшысы.

Мемлекет қаражаты тиімді жұмсалса, мұндай келеңсіздік болмас еді. Мүмкіндік бар, қаржы бар, жағдай бар, оны үйлестіру – әкімдердің жұмысы. Жыл аяғына дейін көрсеткішті бірнеше есеге өсіру

тиіссіндер, – деді аймақ басшысы.

СЫРДАРИЯДА СЕРПІЛІС БАР

Сырдария ауданындағы актив жиынында аймақ басшысы өңірдегі кәсіпкерліктің дамуына оң баға берді. Халыққа жағдай жасап отырған кәсіпкерлерге ризашылығын білдірді. Десе де,



алдағы міндеттердің ауқымдылығын, тоқмейілсуге болмайтынын жеткізді.

— Тәуелсіздіктің ширек ғасырында жеткен жетістіктерді одан әрі жетілдіру үшін жұмыла тер төуге тиіспіз. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы арқылы ғана облысқа 20 млрд теңге бөлініп отыр. Кәсіпкерлік көкжиегінің кеңеюі экономиканы әртарапталдырып, дамуға серпін береді, – деді аймақ басшысы.

Сырдария ауданында өткен жылы 1927 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 5734 адам жұмыспен қамтылған. Болшек сауда айналымының нақты көлемі 704,5 млн теңгені құрап, 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,3 пайызға өскен. Аудан әкімі Ганибек Қазанбаев өткен жылы инвесторлар, кәсіпкерлермен еркін форматта іскерлік басқосу, бизнес-форум ұйымдастырылғанын жеткізді. Нәтижесінде, ауданда 2016-2020 жылдарға арналған «Даму» бағдарламасы аясында кент және ауылдық округтер бойынша жалпы құны 3,6 млрд

теңгені құрайтын 83 жоба бекітіліп, 646 жұмыс орнын ашу жоспарланған.

— 2015-2016 жылдары «Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы 26 кәсіпкер құны 167,5 млн теңгенің несесіне ие болды. Нәтижесінде, ауданда монша, наубайхана, билярд, омарта, құмблуктар шығару, жиһаз, темір бұйымдарын жасайтын, түрік тәсілімен айран өндіру цехтары ашылды. Ашылған кәсіпкерлік нысандар аудандық экспорттік кеңесте қаралып, халық сұранысына сәйкес жасакталды. Ашылған жұмыс орындары иелеріне кәсіпкерлер тарапынан зейнетақы жарналары уақытылы аударылу-да, 2017 жылы орталықтың айналым қаражаты есебінен 10 млн теңгені құрайтын 1 жеке кәсіпкердің «Құс шаруашылығын дамыту» жобасы

жаржыландырылып, 3 жұмыс орны ашылды, – деді аудан әкімі. Жиында аудан кәсіпкерлері сөз сөйлеп, өз пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ, атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты ұсыныстарын жеткізді. Аймақ басшысы өз кезегінде жауапты басшыларға тиісті тапсырмалар жүктетті.

Түйін. Бес ауданның бойымысына қарап, кәсіпкерлікті дамыту бойынша жағдай әркемі екенін анғардық. Мемлекеттік қолдау жеткілікті, ал оның жергілікті жерде бизнес жобаны жүзеге асыру бағытында кемшін тұстар айқын сезіледі. Аймақ басшысының айтар ойы – ұтымды ұйымдастыру мен дұрыс бағыт-бағдар берудің жолы жүйесін таппағаны еді. Осы негізде аудан, ауыл әкімдеріне нақты тапсырма берді. Ендігі нәтижені уақыт көрсетеді.

Нағымжан САУАЕВ.

Экономикалық дамудың жаңа моделі

Шикізат дәуірінің дәурені шектеулі

Қазақстан үшін соңғы жылдары экономикалық дамудың жаңа формуласын іздеу қажеттілігі туындай бастады. Мәселе мұнай-газ саласынан түскен табысты ішкі сұранысқа айналдыруға негізделген бұрынғы даму үлгісі өзінің маңыздылығын біртіндеп төмендетіп келе жатқандығымен байланысты еді. Әлемдік энергетика нарығындағы соңғы жаңалықтар мұнай дәуірінің аяқтала бастағанынан хабар беретіндей. Одан басқа, Қытай экономикасының бәсеңдеуі және Ресей экономикасындағы дағдарыс жағдайы қазақстандық экспортқа деген сұраныстың төмендеуіне әкеліп соқтыруда.

Сыртқы факторлардың жағымсыз әсеріне қарамастан, Қазақстан Үкіметі респесияға жол бермей, экономикалық өсімін оң көрсеткіштерін қамтамасыз ете алды. Қазақстанға жай ғана экономикалық өсу емес, сапалы экономикалық даму қажет.

Өнеркәсіпке кең ауқымда ақпараттық технологияларды енгізу және қуат үнемдейтін өндірістерге көшу нәтижесінде Төртінші өнеркәсіптік революция басталуда. Мұның бәрі Қазақстан үшін дамудың жаңа моделіне көшу маңыздылығын арттырып отыр.

Өнеркәсіпке кең ауқымда ақпараттық технологияларды енгізу және қуат үнемдейтін өндірістерге көшу нәтижесінде Төртінші өнеркәсіптік революция басталуда. Мұның бәрі Қазақстан үшін дамудың жаңа моделіне көшу маңыздылығын арттырып отыр.

Еңбек тиімділігін арттыру ұтымдылыққа апарады

Көптеген дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, еңбек өнімділігін арттыру тұрақты және қарқынды экономикалық өсудің кепілі болып табылады. Өнімділік көрсеткішін арттырмай, экономиканың сапалы жаңа даму деңгейіне шығу мүмкін емес. Еңбек өнімділігін арттыру үшін өндірістік үдерістерді автоматтандыру және роботтандыру жоспарлануда. Сонымен бірге, мемлекет негізгі капиталға инвестициялар тартуды көзден отыр. Осыған байланысты Елбасы Үкіметке негізгі салаларды техникалық қайта жақартандыру бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.

Біздің ойымызша, негізгі капиталды арттыру орта мерзімді болашақта экономиканың жоғары қарқынмен дамуына зор мүмкіндік береді. Сонымен бірге, үлкен инвестициялар өздігінен нәтиже әкеле алмайтыны түсінікті. Мұндағы негізгі мәселе инвестициялардың сапасына және олардың өндірістік қуаттылығының тиімділігін арттыруға бағытталғандығымен байланысты.

Дәстүрлі салаларды дамытудың артықшылықтары көп

Елбасы атап көрсеткендей, экономикалық өсудің жаңа моделінің басты мақсаты – еліміздің шикізат емес экспортын дамыту. Бұл ретте, Президент басым салалардағы экспортты дамыту мақсатында экономиканы одан әрі индустрияландыруға ерекше көңіл бөлді. Экспорттаушыларға көмек көрсету мәселесінде де шикізат емес өнімдерді сыртқа жөнелтетіндерге басымдық берілді.

Экспорттаушыларды, соның ішінде өңірлердегі кәсіпкерлерді қолдауды «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Үкімет жанында бизнес өкілдерінің қатысуымен экспорттық саясат жөніндегі кеңес құрылады.

Дамудың жаңа үлгісіне көшу Қазақстан экономикасының тұрақтылығын және өркендеуін қамтамасыз етіп отырған кен-металлургия және мұнай-газ кешендерін дамытуға тікелей байланысты екендігін ескерген жөн. Жалпы, еліміздің экономика және әлеуметтік салалардағы бүгінгі жетістіктеріне мұнай-газ секторы және тау-кен өнекәсібінің арқасында жетіп отырғанын мойындауымыз қажет.

Сондықтан, аталған салалар өздерінің стратегиялық маңызын сақтап қалады.

Мұнай өнеркәсібі бүгінде



күрделі кезеңді басынан кешуде. Көмірсутегі өнімдеріне деген әлемдік сұраныс төмендеуде. Инвесторлардың назары жаңғыртылатын энергия көздеріне ауысуда. Болжам бойынша, тауа арадағы 10 жылда мұнай бағасы 60 доллардан аспайды деген пікірлер де бар.

Төмен баға жағдайында мұнайдың жаңа нарықтарға шығуы ең онтайлы стратегия екендігі белгілі. Осы ретте, Президент кен орындарының материалдық-шикізаттық базасын кеңейтудің маңыздылығына ерекше назар аударды. Сонымен қатар, Қазақстан мұнайшыларына шикізатты кешенді қайта өңдеуді тереңдету тапсырмасы берілді. Бұл жердегі басты мақсат – елімізде өндірілетін ресурстардың жоғары қосымша құнға ие болуы және олардың сыртқы нарыққа терең өңделген өнім ретінде экспортталуы.

Ауыл шаруашылығы – жаңа драйвер

Жолдаудағы экономикалық дамудың жаңа драйвері ретінде аграрлық сектор көрсетілген. Шын мәнінде, ауыл шаруашылығы Қазақстанның дәстүрлі бәсекелік артықшылықтарының бірі ретінде қарастырылатыны белгілі. Сондықтан, бұл жерде әңгіме мемлекет тарапынан агроөнеркәсіп кешенін реттеуге деген қандай жаңа құралдарды қолданатыны туралы болып отыр.

Осы ретте, Үкіметтің жеке шаруашылықтарды ірілендіру бойынша жоспары назар аудартады. Ауылдағы үй шаруашылықтарын ірілендірудің маңыздылығы туралы пікірлер бірнеше жылдан бері айтылып келеді. Қазіргі кезде кен тараған ұсақ тауар өндірісі жағдайында сапалы түпкілікті өнім шығару қиындық туғызуда. Сондықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өңделу деңгейін арттыру мақсатында Үкіметке 500 мыңнан астам үй шаруашылығын және кіші фермерліктерді кооперативтерге біріктіру үшін жағдай жасау тапсырылып отыр. Оны тауа арадағы бес жылдың ішінде жүзеге асыру жоспарлануда.

Жалпы алғанда, шаруашылықты ірілендіру кәсіпкерлер үшін өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әрбір шаруашылықтың онтайлы көлемі бар екенін ескеру қажет. Мысалы, егер құс өсіруде ірі шаруашылықтар құру тиімділік үшін басты шарт болса, мал шаруашылығында шағын, отбасылық үлгідегі фермалар да табысты жұмыс атқара алады. Сайып келгенде, агроөнеркәсіп кешеніне жаңа қарқын беру Қазақстанның әлемдік нарыққа ауылшаруашылық өнімдерін экспорттау бойынша әлеуетін ашуы тиіс.

Инфрақұрылымдық даму өсіп-өркендеуге төте жол

Қазіргі таңда Қазақстанның көлік саласындағы әлеуеті біртіндеп артып келеді. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында логистикалық инфрақұрылымды дамытуға салынған инвестициялар бүгінде Қазақстанда шоғырлана орналасқан темір жол және автокөлік жолдарының пайда болуына әкелуде.

Өз кезегінде, түрлі бағыттағы жаңа жолдар сауда және тауар транзиті үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Осы орайда, 2016 жылы Қазақстан аумағы арқылы Еуропа – Қытай бағытындағы транзиттік контейнерлік тасымалдар екі есеге артып, 104,5 мың контейнерді құрағанын айтсақ болады. Осыны ескере отырып, Жолдау-

да транзиттік тасымалдар экономикалық дамудың жаңа драйвері ретінде көрсетілген.

Қазақстан жолдары арқылы транзиттік тасымалдар көлемін ұлғайту үшін көлік саласын дамытудың жоғары қарқынын қамтамасыз ету аса маңызды. Осы мақсатта Мемлекет басшысы Каспий теңізіндегі Құрық порты құрылысының екінші кезеңін жүзеге асыру, сондай-ақ қолданыстағы көлік дәліздерін жаңғырту бойынша Үкіметке тапсырма берді. Одан басқа, Елбасы жолаушылар тасымалының сервистік деңгейін арттыруға және жүктердің жолындағы әкімшілік тосқауылдарды жоюдың маңыздылығына назар аударды. Алға қойылған міндеттер орындалған жағдайда, Қазақстан көлікшілерінің жылына 2 млн контейнерлік тасымалдау көрсеткішіне қол жеткізулеріне толық мүмкіндігі бар деп ойлаймыз.

Құрылыс – аса маңызды салалардың бірі

Жолдауда көрсетілгендей, жаңа модель аясында экономикалық өсудің толыққанды драйвері құрылыс саласы болуы тиіс. Құрылысты дамытудың маңыздылығы бүгінгі Қазақстан қоғамындағы қарқынды урбанизациямен байланысты екендігін айтқан жөн. Сонымен бірге, ауқымдылығына байланысты құрылыс секторы экономиканың басқа салаларында қосымша сұранысты туғызатынын да ескеру қажет. Мұның барлығы құрылыс секторын дамытудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын көрсетеді. Бұл мақсатта мемлекеттік қолдау ресурстарын тұрғын үй құрылысына шоғырландыру жоспарлануда. Үстіміздегі жылы Ұлттық қордан бөлінетін трансферттер ішінде трансферт көлемі бойынша тұрғын үй секторы бірінші орынға ие болды. Саланы дамытуға 166,4 млрд теңге бөліну жоспарланып отыр.

Үстіміздегі жылы «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы іске асырыла бастайды. Бағдарлама аясында алдағы 15 жыл ішінде 1,5 миллион отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету көзделуде. Осы мақсатта тұрғын үй салушылар үшін банк несиелерін арзандату және азаматтар үшін ипотекалық несиелерді субсидиялау жоспарлануда. Тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік трансферттер құрылыс секторына тек он ықпалын тигізуде. Оған дәлел, соңғы жылдардағы күрделі экономикалық жағдайға қарамастан, құрылыстың тұрақты өсу қарқынын жоғалтпай отырғаны.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы ұсынған дамудың жаңа моделі экономикамыздың ұзақ мерзімді өсу драйверлерін қайта айқындайды. Жаңа модель аясында дамудың ішкі факторларына басымдық беріліп отырғанын байқауымызға болады. Сонымен бірге, даму үлгісіне деген жаңа көзқарас осыған дейін жеткен жетістіктерімізден бастап тартуға мәжбүрлемейді, яғни еліміздің әрі қарай тұрақты дамуына негіз қалайды.

Жалпы, Елбасының биылғы Жолдауы мемлекетіміздің экономиканы әртараптандыру жолындағы құрылымдық және институттық реформаларды жалғастыруға деген ұмтылысынан хабар береді.

Жұмабек САРАБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы.

«Егемен Қазақстан» газеті.
14 наурыз 2017 жыл.

Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы жаңа Қазақстан құру идеясын қалыптастырған елеулі құжат. Жолдауда біз мемлекет дамуындағы маңызды қимылдар жоспарын көреміз. Мемлекет басшысы Ұлт жоспары – «100 нақты қадам» базасында өткізілетін үшінші жаңғыру бір-бірімен тығыз байланысты бес басымдығын атап көрсетті.

Бірінші басымдық экономиканың жеделдетілген жаңғыртылуын көздейді. Кешенді міндеттер жаңа индустрияларды санды технологияны қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл IT саласын дамыту мәселесін

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

басты назарда ұстауды қажет етеді. Бұл тұста Төртінші өнеркәсіптік элементтерін жаппай енгізу маңыздылығы баяндалды.

Баршамызға белгілі, Бірінші өнеркәсіптік революция өндірісті іске қосу үшін су мен буды пайдаланды. Екінші революция өндіріс барысында электр қуатын қолданды. Үшіншісі, өндірісті электроника мен ақпараттық технологиялар көмегімен автоматтандырды. Кезекті Төртінші өнеркәсіптік революция Үшіншісіне сүйеніп, өткен ғасырдың ортасынан бастап өмірдің барлық салаларына сандық революцияны ендірді. Технологиялар бірлесіп, материалды, сандық және биологиялық әлем шекараларын жойды.

Бүгінгі өзгерістер Үшінші революцияның жалғасы екенін мынадай нышандардан білуімізге болады: ақпарат жылдамдығы, ақпарат қарқындылығы және жүйелік нәтижелер. Адамзат осы уақытқа дейін жүйрік техникалық өрлеуді көрмеді. Төртінші революция әлемдегі әрбір мемлекеттің индустриясына ықпал етеді. Ол туғызған өзгерістердің ауқымдылығына сәйкес, тұтас өндіріс жүйелерін, менеджмент пен басқаруды түрлендіруді қажет етіп отыр.

Қазіргі таңда біз мынадай зияткерліктің жасанды түрлерімен ұшырасауымыз: дербес машиналар, дрондар, виртуалдық көмекшілер, аудармашы бағдарламалар, кеңес беруші бағдарламалар. Соңғы жылдары әлемдегі есептеу қуатының тұрақты өсімі мен көлемінің ұлғаюына байланысты жасанды зерленің қалыптасуындағы жаңа ілгерілеу жүріп жатыр. Бүгінде жаңа дәрі-дәрмектер әзірлейтін және мәдениеттің жанарған бағыттарын болжайтын арнайы сандық бағдарламалар бар. Күн сайын сандық технологиялардың материалдық дүниемен ұштасып отыруы жаңа құндылықтарды қабылдауымызды талап етіп отыр.



Екінші басымдық бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейтуді міндеттейді. Жаппай кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін одан әрі жетілдіру ел азаматтарының өз бизнесін қалыптастыруға үлкен көмек екені анық. Мемлекет-жекеменің серіктестігі аясында кәсіпкерлікті дамыту жақсы нәтижелер беретін белгілі.

Әріптестіктің жемісті болуы қатысушылардың қызғушылығымен қатар, олардың нәтижелі пайда табуымен байланысты деп ойлаймыз. Мәселен, мемлекет өнімді өнеркәсіптік көлемде тарату, бюджетті толықтыру, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу, сыртқы нарықтағы ғылыми мәртебелілігін көздейді. Ғылым саласы жабдықтардың жаңғыртылу мүмкіндігін, ғылыми базаның жаңырауын, келесі зерттеу жұмыстарының қаржыландыруын ойлайды. Ал кәсіпкерлік құрылымдар болса, мемлекеттік субсидиялар молдығын, салықтық жеңілдіктер мен кепілдердің барлығын, табыстар өсімі мен өндірістің кенеюін қалайды. Мұндай өзара байланыстардың келешегі тұрғындар өмірі сапасының артуына және экономика бәсекелестігінің нығаюына әкеледі.

Үшінші басымдық макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуді басты мұрат етіп қойып отыр. Әлемдік экономика дамуының заманауи кезеңінде мемлекеттің

макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру мәселелері ерекше мәнге ие. Мемлекет өз халқының қауіпсіздігін қамсыздандыруда және өзін-өзі сақтауда аталған тұрақтылық тетіктеріне аса назар аударуы қажет.

Жалпы экономикалық ғылымдарда «макро-экономикалық тұрақтылық» түсінігіне байланысты бірнеше тәсілдегі анықтамалар береді: ішкі және сыртқы ықпалдар әсерінен қалыптасқан экономиканың жағдайы; ұдайы өндірістің қалыпты шарттарын қамтамасыз ететін үрдіс; ұлттық экономиканың қаржы-ақша жүйесінің тұрақтылығы; макроэкономикалық тепе-

теңдік. Сәйкесінше макроэкономикалық тұрақтылық экономикалық дамудың барлық факторларының, экономикалық саясат пен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігімен сипатталады.

Төртінші басымдық адами капитал сапасын жақсартуды басшылыққа алады. Білім беру жүйесінің рөлін өзгерту, оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттілігі айқындалды. Қазақ тілінің басымдығын сақтай отырып, үш тілді оқуға кезең-кезеңімен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Білім беру жүйесімен бірге денсаулық сақтау жүйесін өзгерту қажеттілігі дәйектелді. Әлемдік тәжірибеде тиімділігін көрсеткен міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу арқылы қатысушыларға кең ауқымдағы медициналық қызметтер ұсынылатындығы белгілі болды. Бұл басымдықта әлеуметтік қамтамасыз ету саласы да сырт қалған жоқ. Зейнетақы, жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек көрсету мәселелеріне байланысты Үкіметке берілген тапсырмалар анықталды.

Бесінші басымдық институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты жаңа міндеттерді көрсетеді. Елбасы қауіпсіздік мәселесі турасында қазіргі заманда белен алған терроризм және діни экстремизмді насихаттауды алдын алуды атап көрсетті. Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілердегі діни экстремизмді насихаттаудың жолын кесу жұмысын жүргізуді тапсырды.

Заманауи ақпарат технологияларының күнделікті бір қалыпта тұрмай өзгеруі адамзат санасына ықпал жасауда. Сондықтан адамзаттың эволюциялық дамуын жаңа технологияларды қоғам мүшелерінің игеруі тұрғысынан қарастыруға болады. Адамзат қарым-қатынас мәдениетінің өкілі болғандықтан кез келген ақпараттық құрылымға тәуелділігінен арыла алмайды. Бүгінгі таңдағы Интернет және оны пайдаланудың түрлі мүмкіндіктері толықтай электронды бағыныштылыққа әкелді.

Қоғам мүшелерінің көпшілігі өз өмірлерін әлеуметтік желілерсіз елестете алмайтын жағдайға жетті. Әлеуметтік желілер толықтай бүкіл әлемді қамтып, танымалдылығы жоғарылап жатыр және оның нақты жас ерекшелік немесе кәсібі шектеулері жоқ. Сонымен бірге, әлеуметтік желілер қазіргі заман азаматтарының тұлғалық әлеуметтенуіне ерекше ықпал жасайды. Әлеуметтену үдерісі барысында білім берудің технологиялары, әдіс-тәсілдері қолданылатындығын ескерсек,

өзекті мәселелер берілген тақырыппен ұштасады.

Жалпы әлеуметтік желілерде жазылған заңдылықтар жоқ. Десек те, әлеуметтік желілер отбасы, мектеп, дос-жарандар секілді әлеуметтенудің классикалық институттарын қарқынды түрде ығыстыру қаупін туындатып отыр. Виртуалды қандым қалыптастыру шын мәнісінде әлеуметтенудің дәстүрлі уәкілдерін ауыстыруға ықпалы мол. Бірақ, пайдаланушылардың виртуалды әлемде игеретін жағымсыз қасиеттері шын өмірге келгенде әлеуметтенудің нақты процесін күрделендіріп, қалыптасқан қоғамдық ережелерді күйретуі мүмкіндігін ұмыттауымыз қажет. Өйткені, әлеуметтік желілерде ішкі тәртіптерге негізделген нормалар мен ережелер қоғамдық стандарттармен сәйкес келе бермейді және оны бұзғаны үшін шын жауапкершілікке тартылатындығын кеш түсініп жатамыз.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысының Жолдауы озық сипаттағы ілгері қимылдарға бағыттайтын және жаңа кезеңнің сын-тегеуріндеріне жауап беретін маңызды құжат болып табылады.

Ботагөз ПАРИДИНОВА,
философия магистрі,
«Болашақ» университеті колледжі директорының орынбасары.

ТАЛАП ТАНЫМДЫ АШАДЫ, ТАЛМАЙ ІЗДЕНІС ЖОЛЫНДЫ АШАДЫ

Соңғы жылдары мемлекеттік бағдарламалар шарапатымен кәсіп ашып, жұмысын жандандырған азаматтар қатары көбейіп келеді. Солардың бірі – жас кәсіпкер Айдуллет Бекшебаев. Ол «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының қатысушысы атанып, осыдан бір ай бұрын Шпелі кентінде спорттық жаттығу залын ашты. Кәсіпкер 70 пайыз көлеміндегі «Даму» қорының кепілдендіруімен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ филиалы арқылы 2 млн 100 мың теңге несиеге қол жеткізді. 2,5 жылға алынған қаражатты кәсіпкер мемлекеттің 10 пайыз субсидиялауы арқасында тек 9 пайыз үстемесмен төлеуге мүмкіндік алды.

– Мен ұзақ уақыт бойы бокспен айналысып келемін. Бірқатар спорттық жетістіктерім де бар. Өзім республикалық деңгейдегі жүлдегермін. Арнайы орта білім де алдым. Спортсыз өмірімді елестете алмаймын. Сондықтан, болашағымды осы салаға арнағым келді. Студент кезімде сүйікті ісімді табысты бизнеске айналдыру туралы көп ойладым және кәсіп ретінде жаттығу залын ашулда ашуды жоспарладым. Аудандымыз қарқынды дамуда және халық саны да артып

келеді. Ал спортқа бет бұратын жастардың жаттығатын алаңы жоқ. Сондықтан, бәсекелес туындамас бұрын өз идеямды жүзеге асыруға кірістім, – дейді Айдуллет Бекшебаев.

Ол кәсібін бастамас бұрын «Даму» қорының бизнес-тренингінде оқудан өтті. Кейіннен ыңғайлы бағаға құрал-жабдықтар сатып алатын компания іздестіріп, қажетті қаражатты аталған қордың көмегімен алуға ұмтылды. Нәтижесінде, банк жас кәсіпкердің жобасын мақұлдап, несие бөлді.

– Қазір ай сайын 60 мың теңге төлем жасап отырмын. Өзіме ұнамды ісімді қолға алған соң, керек ғимаратты тауып, жинақтаған қаражатыма оны жөндеуден өткіздім. Қорыта айтқанда, жобаға бар жан-тәніммен кірісіп, тер төктім. Міне, мен армандаған орталықтың есігін ашқанымға біршама уақыт болды. Ғимаратым аса үлкен болмағанымен, жаттығу құрылғыларының барлығы қамтылған, жүгіру жолығы және күрес пен аралас жекпе-жек түрлерімен айналысуда жағдай жасалған. Қазірдің өзінде тұрақты клиенттерім айлау болып, келуші қатары артуда. Жақсы жарнама жұмысымды алға бастырды және бұған мен әрине

қуаныштымын, – дейді іскер жігіт.

Бүгінде біздің спорт ордасына келушілерге қолжетімді баға ұсынылған. Ересектерге арналған абонемент 5 мың теңгені құраса (15 жаттығу кезегі үшін), студенттерге 4 мың және мектеп оқушылары 2 500 теңгеге дайындықтан өте алады. Қазіргі таңда салауатты өмір салтын ұстануда тұрғындардың қызығушылығын ескерсек, аудан жастары спортпен айналысу арқылы уақыттарын бос өткізуден арылды деуге болады.

А.Бекшебаев «Даму» қорының қолдауымен және ондағы мамандардың идеямды бизнес-жоспарға салып, жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мен құжаттар пакетін жинауға берген көмегі мен кеңесі арқасында өз ісін бастағанын алғыс сезімімен айтады. Алдағы уақытта ол кәсібін кеңейтуге ниеттеніп отыр. Қосымша спорттық жабдықтар мен бокс рингіне қол жеткізіп, залда шағын турнирлер ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.



Осыдан он жыл бұрын, 2007 жылдың эз Наурыз мейрамын карсы алып барып, бұл дүниемен коштасып кете барды ол. Үлкен ағам, ата-анамыздың төлбасы, өлі-тірісі бар он екі «кұрсақтың» үлкені – Өлшіев Ботабай Жұбатырұлы. Дәрігер еді, өте тәжірибелі, білімді терапевт болды. Ен бастысы, елге сыйлы, абырой биігіңді азамат еді. Ажалға амал жоқ...

Домбырасын шертіп қойып, терен ойға батып жатушы еді. Көп ойланғаннан ба, темекісін жиірек будактатып, хрусталь құлсалғышты толтырып қоятын. Талғамы биік еді, сонан да болар, арзанқол дүниелерге, әсіресе, кітап, өнер туындыларының оңай, арзанына әуес еместігі... Киім-

ағам отау құрып, үйде үлкен той болды. Үйден қонақ арылмайды. Жаңадан қоныс аударғанымыз бар, келін түскені бар, әйтеуір келімді-кетімді адамдар баршылық. Сөйтіп, алаңсыз тірлік кешіп жатқанмызда, бір күні ағам келіп:

– Ал, мен карантинге жататын болдым, ауруханадан маған шығуға рұқсат жоқ, үйге енді біраз уақыт келе алмаймын, осы қазір жатуым керек, – деген бір суыт та суық хабар айта келді.

Үйдегілер «не болып қалды, неге, ол несі?» – деп аң-таң болды та қалдык. Үйленгеніне бір ай да болған жоқ. Дені сап-сау, бұл не жағдай болғанын түсінбей жатырмыз. Ағам мән-жайды қысқаша айтып берді.

налып кету қаупі жоғары. Қалаға карантин жарияланды. Қаланың сыртына айнала шатырлар құрылып, әскерлер басты да қалды, барлық жол-жолды. Қаладан сыртқа ешкім шығарылмайды, ешкім кіргізілмейді. Поездар тоқтамайды. Қала қоршауға алынып, күзеттер қойылды.



Не керек, сол наукас бойжеткен көз жұмды. Онымен бірге болып ауру жұқтырғандар ұзақ емделуге жатты. Құдай ондай дер кезінде диагнозын тауып, қауіптің тарап кетпеуіне жағдай жасалды.

Кейін белгілі болды, ол әлгі аты жаман сынақ аралынан келген жаманат екен.

Сол карантиннің қанша уақытқа созылғаны есімде жоқ, бірақ халыққа қаншалықты қиындық туғызғанын ұмыту мүмкін емес. Сол кездерде қаладағы ауруханада жатқан ауыр наукас бір жақын туыстың жағдайы нашарлай бастаған соң, үйіне жеткізу керек болып, оны осын-дай өбігер шақта, қала сыртындағы ауылына алып жүру қажет болды. Сыртқа көлік шығарылмайды. Өлгі әсіреп жатқан туысты әскер шекарасып қоршап тұрған жерге дейін көлікпен лаждап жеткізіп, әрі қарай носилкаға салып, жаю алып кетеді. Қандай қиындықпен жеткенін сол кезде барғандар айтып отырушы еді. Үйіне жетпей жолда жан тапсырады сол туыс. Соны жерлеп, біраз күн аялдағанын кейін үйге қайтқашы болып әкем мен әкемінің інісінің қызы екеуі кештетіп жолға шығады. Жаулап келіп, түн қараңғылығында қаланың әскерлер қоршаған шебінен өтетін жерге жақындайды. Әкем соғысқа қатысқан адам, жер бауырлап жылжуда машықтанған. Әскерлердің түнгі аспанға атқан ракетаары айналаны жап-жарық қылып жіберген кезде, әкем жата қалатын көрінеді. Ракетаның аты сонген кезде бүкшеңдеп бұта-бұтаның арасымен жүгіріп-жүгіріп алып, арасын да жер бауырлап, соғыста үйренген біраз өнерлерін қолданады. Ізіне ерген қыз оның бәріне ілесе алмай, қорсайып жүре береді. Әкем:

– Жат, жат, көзіне түссен атып тастайды, олардың сондай правосы бар, – деп айқайлайтын көрінеді. Ракетаны атқан кезде көзге түсіп қалмас үшін жата қалып, арасында тізелей отырып жүріп, қойшы әйтеуір, не керек, өлгенде-өрең қоршау шебінен аман-есен өтеді. Түннің бір уағында үсті-бастары шаң-топырақ, түрлері кеткен, әбден діңкелеген екеуі үйге жетіп жығылды. Міне, сол шақтағы біз көрген қиыншылықтың бірі. Ал қаншама отбасында нендей жағдай

болғанын кім білсін.

Ал ағам болса екі жеті карантинде жатып шықты. Ас-суын артынан апарып тұрдык. Өлгі қайтыс болған қыздың денесін эпидемиологтар туыстарына бермей, қатаң ереже, тәртіппен өздері жерлеген. Өте қиын жағдай болды.

Кейін ағам Алматы қаласына біліктілік жоғарылату курсына барған кезде, дәріс оқуға келген бір профессор осы оқиганы курс тыңдаушыларына баяндап беріп, сол шақтағы кәсіби деңгейі биіктен көрінген жас дәрігердің өздерінің түлектері екенін мақтанышпен жеткізеді. Ғындап отырған ағам:

– Сол дәрігеріңіз алдыңызда отыр, – депті жәй ғана өзіне тән жымиыспен. Дәріс беруші профессор ағамды ерекше ілтипатпен ортаға шығарып, қолын алып, ризашылығын білдірген екен.

Мәскеуден шақырылған дәрігер ағамды үлкен бір мемлекеттік марапатқа (дәлірегі, КСРО Мемлекеттік сыйлығына) ұсынамыз деп, уәде беріп кеткен еді. Аяғы құрдым, жоқ болды. Оның себебін біле алмадық. Мүмкін сол кездегі саясат бойынша сондай аурудың КСРО көлемінде табылғанын мойындап, жариялауға болмайтын болған шығар? Әрі оны тапқан адамды әсептеп, жария ету де лайықты іс емес деп шешкен шығар жоғарыдағалар. Ол кездегі саясатты қарапайым адам түсінбейтін еді ғой... Егер мемлекеттік марапаты иеленіп жатса, не үшін берілгені тарихқа таңба болып қалып қоймас па еді!.. Содан да болар, мүмкін әлде, басқа бір себептер бар... Ол үлкен оқиға солай, аяқсыз кете барды.

Кезінде Алматының дәрігерлік институтын бітірген соң ағамды сонда қызметке қалуға шақырған екен. Ұстаздары «осында қал, болашағың бар, аспирантураға түссен, кандидаттық қорғайсың, біліктілігің мен қабілетіңді ашу керек, осуің керек» дегенде, ауылдағы ата-анасын ойлаған ағам елге қайтып келіпті. «Кемпір-шалды бағу керек» деген қазаки тәрбие ат басын ауылға тіреткені лаждап. Тағдыр ғой, әйтпесе, өрісті ортада қалғанында өмір жолы басқаша өрілер ме еді, бәлкім... Ортасын таппай кетті ме деп ойланам. Өйтсе де, мыңдаған адам ол кісінің алдынан тән шипасын, ең бастысы, жан шипасын тауып шықты.

Шүкір, арты жаман емес. Ізінде қалған тұрғы Мұхтар да төрт ұл-қыздың әкесі атанып, өмір көшін жалғастырып келеді. Үш тілді жетік менгерген кәсіпкер, әлемнің біраз елдерін шарлап үлгірді. Ағам жетпеген жетістіктерді енді ұлына нәсіп етсін! Қыздар да өз орындарын тапты. Кейде түсіме енеді. Өмір болғасын жақсылы-жаманды шақтарды бастан кешуге тура келеді. Сондай да бір көрініп, әлденені білдіргендей болады. Жақында тағы көрдім түсімде. Қуанып, күліп жүргендей. «Мм, дедім іштей, бәріміз жиналып, бас қосып, әдейілеп рухына қарап бағытталымынызға риза болып жүр екен!» деп жорыдым. Дүниеден өткеніне, міне, енді, тура он жыл. Өз уақытының міндеті мен жүгін арқалап, ел-халқы үшін өз қызметін абайоймен атқарып, артық атак-марапатқа ұмтылып, дедлар ғұмыр кешкен үлкен азамат болып өтті ол. Халқының жүрегінде алғысты сезімдер мен жарқын бейнесі қалды.

Үрзия ЖҰБАТЫРҚЫЗЫ,
Қорқыт Ата атындағы алтын медаль иегері.

«Мінезді болса алғаның, одан артық жар бар ма?!»
Ақтамберді жырау.

Адам дүниеден озғанда «қайтты, қайтыс болды» дейді. Қайда қайтты? Осы сөздің түпкі мән-мағынасын терең зерделе-п қарасақ, оның о дүниенің ақиқаттығына деген сенім

екіталай болар. Ғасыр дертіне айналған қан қысымы өтіп бара жатқан Мешін жылының қысында жан жарым – Шаппатты екі дүниелік сапарға аттандырып жетті. «Жазмыштан озмыш

АСЫЛ ЖАР

шынайылығынан туған ой екенін анық аңғарамыз. Адам үмітпен өмір сүреді. Игі іс-амал дінін ұстанған қауым «үмітсіз-шайтан» деп, бақилық ғұмырдың нұр-шапағатынан да күдер үзбеген.

Өмір құпиясы – тылсым. Қытайдың ұлы ойшылы Конфуциден шәкірттері «Өлім деген не өзі?» деп сұрағанда, ол: «Ей, шырақтарым-ай, өлім жайлы білгілерің келеді, ал біз болсақ өмірдің өзін танып-біліп болдық па?» деп қарсы сауал қойған екен.

Өмір болған соң толассыз тірішілік, сан түрлі ой-мақсаттарға толы іс-әрекет бар. Соның бір – жар таңдап, шаңырақ көтеру. Ол шаңырақтың ошақ оты маздап, үй іші балабаққа айналар болса, адам баласы үшін одан өткен бақыт та, бақ-дәулет те жоқ. Бір отбасының өсірген еркесі Шаппат Қарібозқызымен бас қосып, жұбайлық ғұмыр кешкенімізге 53 жылдан асқан екен. Бұл өзі аз да, көп те емес, жарты ғасырдан астам уақыт емес пе! Төңірге тұбеу, осы уақытта ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп, қызығын көріп отырмыз. Жаратқаннан ұзағынан берсін деп тілейміз.

«Бір кем дүние» дейді. Иә, бұл пәниден төрт құбыласы түгел сай бүтінді кездестіру

жоқ» деген осы. Артында қалған ұл-қыздары мен немерелерінің көл боп аққан көз жасын көру маған оңай болған жоқ. Немерем Салтанат басын жастықтан көтермей «әжетайлағанда» мен шыбын жаным шыға жаздағандай күйде болған едім. Сыр бермедім, жанарымнан үзіліп түсіп жатқан тамшыларды үңсіз сүртіп тұрғанымды ғана сеземін. Нәзік жандылар дауыс шығарып, көз жасын төгіп, жанарымен жыласа, ер кісілер іштей тынып, жүрегімен жүйлайды екен. Осыны жан-жүрегіммен сезіндім.

Тірі тірішілігін жасайды. «Жалғыздың жары – Құдай» деген сөз бар. Тұебе, жалғыз қалғаным жоқ. Жалғызсырап та отырғаным жоқ. Абай айтқандай: «Атадан – алтау, анадан – төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ».

Ұл-қыз, немерелерінің ортасындамын. Тек өзекті өртер бір өкініш, ортамызда бір орын бос тұр. Ол орын-жұбайлық жұбымызды жазбай, өткініш өмірдің ыссылы-суығын бірге өткізген Құдай қосқан қосағым Шаппаттың киелі орын.

«Мінезі ұқсастар тез ұғысады» деген даналық сөз бар. Ақиқаттың айнасындай шынайы сөз емес пе? Біз екеуміздің жұбайлық өмірімізде

Жұмысшылардың конституциялық құқықтарының сақталуы, оның ішінде жалақының уақытылы әрі толық төленуі қалалық прокуратураның ұдайы қадағалауында. Ұзаған жылы уәкілетті органның ықпалымен 4218 жұмысшының 730 млн теңге жалақысының төленуіне қол жеткізілген. Бұл туралы қалалық прокуратураның бөлім бастығы Артур Баймаханов БАҚ өкілдеріне арналған брифингте мәлімдеді.

4218 ЖҰМЫСШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

– Азаматтардың еңбек құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету – прокурорлық бақылаудың басты бағыттарының бірі. Бұл жұмыс биыл да өз жалғасын тапты. “Қызылорда су жүйесі” МКК 372 жұмысшылары алдында бірнеше айдан бері қалыптасқан 30 млн теңгеге жуық жалақы өндірілді. Сонымен қатар “Қызылордажылжызуэлектротарлығы” МКК мен осы ұйым қоспаодағы арасында жасалған ұжымдық шарты прокуратура ықпалымен заң талаптарына сәйкестендіріліп, 781 жұмысшының уақытлы жалақы алуына жағдай жасалды. Алдағы уақытта тұрғындар еңбек құқықтары, оның ішінде жалақы алу мәселесіне қатысты 24-75-86 сенім телефонына хабарласуына болады, – деді А.Баймаханов.

Сондай-ақ, жиында ЖК “Ербошаев” аспаздық цехынан жалақысын өндірген қала тұрғыны Есенгүл Шырда-нова уәкілетті орган қызметкерлеріне алғысын білдірді. Себебі Есенгүл бірнеше айдан бері еңбекақысына қол жеткізе алмай, тиісті мекемеге шағымданған. Нәтижесінде қадағалау актісі негізінде нақты шаралар жүргізіліп, жалақы қарызы өндірілген.

М.СНАДИН.



егіздің сыныарындай ұқсастықтар жетерлік еді. Әсіресе, жан жарым Шаппаттың тәзімділігі мен сабырлы мінезі мені қайран қалдыратын. Қиындыққа бой бермейтін. Мен екі жыл партия мектебінде оқығанда, ол екі баламен үйде қалып, қызметін де атқарды, балаларды да бағыт-қағып өсірді. Мені жоқтапқан жоқ. Екеуара берік сенімім жұбайлық отбасымыздың нық ұстынына айналған еді.

Өмір өз дүрмегімен өтіп барады. Оған ешқандай жоқ, Дана халдық «Өткен күнде белгі жоқ» деп айтқанда өшкенін енді қайтып өнбейтінін, өлгенін қайта айналып келмейтінін меңзеген болар.

Артта ұрпақ қалды. Өлмейтін өмір осылайша жалғаса бермек. Осынау сағынышқа толы шағын естелігімді ескі жырларда айтылатын бір шумақ өлеңмен қайыраңды жөн көрдім.

Береке берсін артына-ай, Сабыр берсін халқына-ай. Жасаған не жар болып, Жаннатта нұры шалқыай.

Рашид ЖАРЫЛҚАСЫНОВ.
Қармақсы ауданы, Жосалы кенті.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙМАҚТА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 127-1-бабына сәйкес, экологиялық апат пен радиациялық қатер аймақтарында еңбек қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлер үшін кепілдіктер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Осыған байланысты, экологиялық қасірет аймақтарында еңбек қызметін жүзеге асыратын жұмыскерлер үшін кепілдіктер «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы » Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1468-XII Заңының 13 бабының 1 тармағының 2),3),4) тармақтарында белгіленген.

Атап айтқанда, экологиялық қасірет аймағында тұратын халыққа осы Заңның 13 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, экологиялық жағынан қолайсыз жағдайда тұрғаны үшін:

экологиялық апат аймағы бойынша - 1,5

экологиялық дағдарыс аймағы бойынша -1,3

экологиялық дағдарыс жағдайына жакындаған аймақ бойынша - 1,2

коэффициентті қолдана отырып, еңбекке ақы, стипендия төленеді.

3) тармақшасына сәйкес, жыл сайын ақы төленетін қосымша демалыс (еңбектің зиянды жағдайында жұмыс істегені үшін берілетін демалыстың үстінде);

экологиялық апат аймағы бойынша - 12 күнтізбелік күн

экологиялық дағдарыс аймағы бойынша - 9 күнтізбелік күн

экологиялық дағдарыс жағдайына жакындаған аймақ бойынша - 7 күнтізбелік күн беру белгіленеді;

4) тармақшасына сәйкес, еңбек де-малысын берумен бірге жыл сайын сауықтыруға арнап қолданылып жүрген төлемдерін уақтылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті. Осыған байланысты «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеу-меттік қорғау туралы» Заңның 13-бабында көзделген кепілдіктерді жұмыс берушілер орындауға міндетті болып табылады.

Осы тұрғыда «Арал өңіріндегі эко-логиялық қасірет салдарынан зардап ше-ккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы » ҚР Заңының 13 бабының 1 тармағының 2),3),4) тармақшаларында белгіленген кепілдіктер, оның ішінде аялдық жалақыға экологиялық коэффициент есептеуі, жұмыс берушілер тарапынан орындалмаған жағдайда Қызылорда облысының Еңбек сапасындағы бақылау басқармасына шағыммен жүгінуге құқылы екендігінді назарларыңызға жеткізіледі.

Болат ДОСЫМОВ,
облыстық еңбек қорғау маңыстығы
бақылау басқармасының
бөлім басшысы - мемлекеттік
еңбек инспекторы.



Бұрынғы кеңестік елдерден Дүниежүзілік сауда ұйымы қатарында қазір Литва, Латвия, Эстония, Гру-зия, Армения, Молдова, Қырғызстан, Украина және Ресей бар. Бауырлас республикалардың арасынан алғашқыларын бірі болып 1998 жылы 20 желтоқсанда ДСҰ мүшелігіне Қырғызстан қабылданды. Одан соң 1999 жылы 10 ақпанда – Латвия, ал 13 қараша күні – Эстония, 2000 жылы 14 маусымда – Грузия, 2001 жылы 31 мамырда – Литва, осы жылы – Молдова, 2003 жылы – Армения, 2008 жылы Украина Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды. Көршілес Ресей Фе-дерациясы ДСҰ құрамына 2012 жылы 22 тамыздан ба-стап енді.

Осылайша, 2015 жылы көптен күткен арманымызға қол жеткізсек те, ұйымдағы экономикалық әлеуеті жоғары 161 мемлекетпен иық тіресеуте хал-қадіріміз жете ме?! Дүниежүзілік сауда ұйымы төрткүл әлемдегі сауданың 98 пайызын уасында ұстап отыр. 2015 жылы әлемнің барлық елдерінің тауар айналымының көлемі 37,5 триллион АҚШ долларын құраған. Ал, ұйымға мүше мемлекеттердің жалпы тауар айналымы 36,5 триллион АҚШ долларына жеткен. Ал біз дамыған елдердің нарығына қандай тауар ұсынамыз?

ДСҰ-ға мүшелікке өтіп, талай жылғы келіссөздер нәтижесін берген уақытта Елбасы Н.Назарбаев: «ДСҰ-ға мүше болу – еліміздің жаһандық экономикамыз бөлінбес бөлшегі ретінде мойындалуының айғағы. Біз жаһандық нарық шарттарына сай болу үшін үлкен дайындықтан өттік. Отандық өндірушілерге қолдау

ДСҰ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ОЛ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

көрсетіп, бизнес үшін қолайлы жағдайлар жасадык. Бірыңғай кедендік және экономикалық кеңістікте шыңдалдық. Алдымызда әлі де ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Бәсеке күшейеді. Оған дайын болуымыз керек. Себебі, шетелден келетін тауарларға біз ше-карамызды ашамыз. Сол кезде біздің тауар өндіретін кәсіпорындар жұмысының тоқтап қалу қаупі бар. Барлық бизнесмендерге талайдан бері бәсекеге сай болу керек деп айтып келе жатқанымы сондықтан» деп, мәселенің маңыздылығын атап көрсеткен бола-тын. Өйткені ДСҰ-ның талабы бойынша көп тауарға баж салығы төмендейді, кейбіріне тіпті салық са-лынбайды. Еуразия экономикалық одағы шеңберінде қолданылып отырған бірыңғай импорттық баждан да төмен болады. Яғни, импорттық тауарлардың құны бұрынғысынан арзандайды.

Ең бастысы, ДСҰ-ға мүше болған сәтте әлемнің екінші экономикасы саналатын көрші Қытайдың жүздеген кәсіпорны бәсекеге төтеп бере алмаған бола-тын. Жапонияның жылына 200-ге жуық корпорациясы банкрот болды. Демек, ДСҰ нарығында әр ел өзінің орнын табуы тиіс.

Енді ДСҰ-ның артықшылықтарына келсек, 2015 жылғы желтоқсанныан бастап 2016 жылдың 1 желтоқсанына дейін 1397 тауардың мөлшерлемесі төмендетілді. Бұл тізімге: ет, кондитерлік өнімдер, ауыл шаруашылығы тауарлары, көлік және өзгелер кіреді. ДСҰ-ға мүше болу Қазақстанға конкурранты сауда келіссөздеріне қатысу арқылы стратегиялық сауда-экономикалық мүдделерді пайдалануға қосымша мүмкіндіктер беріп, ДСҰ-ның өзге мүшелеріне осы

елдердің ішкі көлік тарифтері бойынша тауарларды экспорттау шарасын ұсынды. Сондай-ақ, бірлескен кәсіпорындар құру, зияткерлік меншік нысандарын алмастыру, экономиканың түрлі нысандарына жаңа технологиялар мен инвестициялар тарту үшін зор мүмкіндіктер ашады. Сонымен бірге, шетелден кел-ген инвесторлар қызметін көрсететін компаниялар үшін тікелей филиал ашуға рұқсат берілмейді. ДСҰ-ға өткен бес жылдан кейін ғана шетелдік банктер мен сактандыру компаниялары филиалдарын аша алады. Және де Еуразиялық Одақ пен Еуропа Одағы елдері арасында визалық режим жеңілдетілді.

Халықаралық беделі зор ұйым біріншішід, сауда дауларын дөйекті шешуге сенгіпін тигізеді. Екіншішід, ойын ережелері айқын, үшіншішід, бағалар төмендейді. Сауда саясатын ырықтандыру және протекционистік кедергілерді қысқарту нәтижесінде тауарлардың еркін саудасы тауарларды импорттауды елеулі көбейтеді. Бұл жердегі ең бастысы импортталған тауарлар бағасының төмен болуы ішкі рыноктағы тауарлар бағасының да төмендеуіне ықпал етеді. Міне, еркін сауданың халықаралық деңгейде осылайша күшеюі бүкіл әлем бойынша тұтынушылардың шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді. Төртіншішід, жаңа тех-нологиялар келеді. Ішкі рыноктағы тауар өндіруші импорттық бағасы арзан, сапасы жоғары тауарлар-мен күресіп, оларды ығыстыру үшін өз өндірісін жанартуға, оларды неғұрлым жаңа технологиялар-мен жабдықтауға, мамандардың біліктілігін көтеруге мәжбүр болады. Бесіншішід, экономиканы ынталан-дыру артады. Импорттың көлемін көбейту тек қана

Ж.АҚСАҚАЛОВ.

БӘЙТЕРЕКТІН САЯСЫ

Бала күнімде кеудесі орденге толы, шашын арғына қайырып, көбіне ақшыл түсті костюм киетін, мұрынды жарып тұратын хош иісі аңқыған атама қызыға қарайтынмын. Ол кісі өте балажан болатын. Үйге қонаққа келгенде сондайлан состиып тұрған бізді бауырына басып, маңдайымыздан иісеуші еді. Оның елжірей жаксы көргенін сезген сон асыр салып айналасынан шықтаушы едік.

Тұла бойы мұнтаздай тап-таза, өте мәдениетті. Үй алдындағы бау-бақшасы жеміс ағаштарына толы болатын. Ерте көктемнен есігінің алдына түрлі көшеттер отырғызып баптап, бәдірен, қызанақ, қауын, қарбызын егіп, жайнатып қоюшы еді. Сосын бақша қашан пісіп, жемісін бергенше көзінің қарашығындай қорғаштап отыратын. Бағбан адам жұрт жесін деп салады. Шілденің орта тұсынан бастап әлі пісе қоймаған жемістерді атамыз демалған уақытында «ұрпап» жейтінбіз. Сондай «ұрлықтың» бірінде ара ұясына тап болып, бет-ауымыз күп боп іссе, екіншісінде атамызға ұсталып «ұрыс» естігеніміз есімде. «Мен сендер үшін ектім осы жемісті, тек сол піскенін неге күтпейсіндер?» дейтін атам кейіп. Сосын өзі күбірлеп жүріп, ұлыжып піскендерін ыдысқа салып, оны әбден жуып алдымызға қоятын. Тазалық пен адалдықты жаны сүйетін. Өтірік айтып, жалған сөйлеген адамды жақтырмаушы еді.

Қолы қалт еткенде бізден оқыған көркем шығарманың мазмұны туралы сұрайды. Қайсысын оқу қажеттігін ескертіп, сөйлем талда-тып, ереже сұрап әбден асыратын. Нағашы атамыз келе жатқанда қазақ тілі мен әдебиетінен оқығанымызды еске түсіре алмай әлек болушы едік. Машрап атаның даусы сондай күмбірлеп естілетін. Анык әрі нык сөйлейтін. Ұстаздық болмысқа қажетті барлық құндылық оның бойынан табылатын. Бала тәрбиесіне ерекше мән беретін. Тіпті әр немересінің қандай мамандық таңдауына дейін кеңес беріп, бірқатарын жетектеп оқуға өзі апарып түсірген.

Бижігітұлы Машрапты Шиелі ауданында танымайтындар кемде-кем. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің білгір маманы дайындаған шәкірттердің алды қазіргі таңда бірі – ғылым докторы, бірі – жазушы, бірі білікті басшы қызметінде. Сол шәкірттерінің бірі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Д.Сәтбай: «Машрап ағайдың білімділігі мен мұғалімдік қасиетін ерекше бағалаймын. Өткен, ол кісі туралы жазылмай, есімінің ескерілмей қалғаны ойланталы», – деген еді. Қазақ тілі пәні бойынша білікті ұстаз, ғалым Б.Боранбай: «Мұғалімдік мамандықтың ер ардақты кезі болатын ол кезең. Бижігітұлы Машрап – ауданға белгілі абыройлы ұстаз. Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша онда озық ұстаздар ол кезде тым тапшы еді», – деп еске алады. Ұстаз ретінде оқушыларына үнемі қамқорлық көрсетіп, ана тілдің қадір-қасиетін бойына сіңіре білген Машрап Ағайдар Ысымовқа мектепте жүргенде-ақ үйірмемен жұмыс істеуді үйретіпті. «Ұйымдастырушылық жұмыстарға деген қабілетімді сол кезден бастап қалаған ағайыма алғысым шексіз», – дейді шәкірті.

Белгілі ғалым Р.Бердібай «Әр адам өз қабілет-қажырына, икеміне қарай белгілі істер атқарып, қоғамнан өз орнын алуға ұмтылады. «Алуан-алуан жүйірiк бар, әліне қарай шабады» деген нақыл бекер айтылмаған. Құс та қанатының талмай жеткен жеріне дейін ұшып барып қонады. Адамның да шырқап шығатын өз білгіі болады. Бірақ алған білімі мен мамандығынан өзге әр кісiде азаматтық қасиет болғанға не жетсін?! Бұл өзi оқу-тоқумен, жаттығумен немесе мансаптың ірі-ұсақтығымен бойға тарайтын бақ емес, әркімде бола бермейтін сирек дарын – азаматтық дарын», - деп жазыпты досы Т.Көкішұлына арнаған макаласында. Машрап Бижігітұлы да өзінің еңбекқорлығы мен тынымсыз тірлігінің арқасында ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосқан азамат. Ақырын жүріп, анық басуды өмірлік кредосына айналыдырған ол ауыл мектебінде мұғалім болып жүріп-ақ талай шаңаа сөуле сыйлады. Ұстаздық атқа әбден лайық жанның ерекше қасиетінің бірі – тұрашылдығы. Тек шынайы сөйлеп, әдептен озбайтын атамыз өзінің мінезiмен-ақ айналасына ізгіліктің дәнін екті.


Атамның балалық шағы кеңестік биліктің орныға бастаған кезеңімен тұспа-тұс келеді. Сонау кеңестік билік орнаған 1921 жылы дүниеге келіп, ес білгенде Ташкентте білім алған Машрап Бижігітұлы жұмылдастыру науқаны тұсында ауылда еңбек етеді. 1940 жылы комсомол қатарына қабылданып, ауыл шаруашылығы жұмыстарына белсене атсалысады. 1942 жылы 15 қаңтарда соғысқа аттанып, 114-батальонда қатардағы жауынгер болады. Минометші Машрап атамыз сұрапыл соғыс алаңында жүріп, аяғынан жараланады. Ауыр жарақатымен елге қайтқан соң білім жолына түеуді мақсат етеді. Сөйтіп, қазіргі М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінде білім алды. Одан кейін де білім жолындағы ізденісін тоқтатпай, 1947-1953 жылдары Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында (қазіргі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті) оқиды. Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдарында» соғыс даласынан қайтқан солдаттың жоғары оқу орнына келген кездегі бейнесі Машрап атамызға қатты ұқсайды. Аяғының жарақатына қарамастан, елге қызмет етуді ойлаған ол алдымен жоғары білім алуды көздейді. Жоғары оқу орнын табысты аяқтаған соң бірден ауылдық мектепте мұғалімдік қызмет атқарды. Әр жылдары Шиелі ауданындағы бірнеше ауылдық мектептерде, кейін «Алғабас» ауылының №157 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді.

Шығыс даналығында «Бір жылдығыңды ойласаң – егін ек, он жылдығыңды ойласаң ағаш отырғыз, мың жылдығың ойласаң бала тәрбиеле» деген керемет сөз бар. Сол кездегі мұғалімдік мамандықтың тапшылығы, оның үстіне елге қызмет етудің бірден-бір жолы деп ұстаздықты таңдаған атамыз жемісті еңбек етті. Шиелі ауданындағы Ортақшыл ауылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалім болып қызмет етеді. Қазақстанның ХХХ жылдығы колхозын-да директордың орынбасары қызметін атқарды. Мектеп басқару және оқу жүйесіндегі олқылықтарды жөнге келтіру оңай шаруа емес. Соның бәрінде билек сыбаана кірісіп, ағарту саласына өлшеусіз еңбек сіңірді.

Кеудесі толған орден, медальдар Ұлы Отан соғысына қатысқаны, соғыста көрсеткен ерлігі үшін берілген. Мәселен, 1946 жылы 3 сәуірде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Германияны жеңгені үшін медалімен, Ұлы Отан соғысының І-дәрежелі орденімен, 1966 жылы 20 қыркүйекте Ұлы Отан соғысының 20 жылдығы, 1975 жылы 24 қарашада Ұлы Отан соғысының 30 жылдығы, 1985 жылы 5 мамырда соғыстың 40 жылдығы медальдарымен марапатталған. 1983 жылы 20 ақпанда Кеңес Одағы Карулы күштердің 70 жылдығы медалін алса, сондай-ақ Жеңістің 25 жылдығы қарсаңында Қорғаныс күштерінің запартағы жауынгер куәлігін алыпты. 1974 жылы 7 мамырда Коммунистік партия қатарына өтіп, куәлігін алған. Кеңестік кезеңде партия қызметкеріне қойылатын талап – адалдық пен шынайылық, әділдік болатын. Бижігітұлы Машрап осы талаптың барлығын мүлтіксіз орындады.

Бижігітұлы Машрап жары І Үбарышын Өрпикызы екеуі алты қыз, екі ұл тәрбиелеп, олардан тараған немерелерінің қуанышын көрді. Машрап-піндер әулетінде төрт қызы Роза, Зоя, Райхан, Құлайхандар мұғалімдік мамандық таңдаса, Феруза, Жылқыбайдар, Тамаралар есеп-қисап сала-сын меңгерді. Кенже ұлы Жанайдар – «НАК Казатомпром-Демеуле» білікті мамандардың бірі.

Бүгінде мәуелі бәйтерекке айналған Машрап Бижігітұлынан тараған ұрпақтың басым көпшілігі педагогика саласында еңбек етуде. Ата жолының жалғасы деп осыны айта керек. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Машрап Бижігітұлының ұстаздық тәлімі, өнегелі ісі жастар үшін үлгі болары сөзсіз. Сондықтан да ұлағатты майдангер-ұстаздың есімі ұлықталып, туған ауылынан арнайы көше атауын берсе, нұр үстіне нұр болар еді.



Алты Алаштың анасы атанған Сыр өңірінің ел шежіресіндегі орны бөлек. Өткен ғасырлардағы сан алуан оқиғалар тасқынында ұлтымыздың сақталып қалуында орасан орны бар Сыр жері халыққа пана да болды, қорған да болды. Қасиетті топырақтың қадірін білген ұрпақ мұны өнеге етіп айтудан жаңылысқан емес. Сөз басындағы ел Президентінің аталы сөзі сол үлкен ұғымды бір ауыз сөзге сыйдырып тұр. Отанды сүю, елге, жерге деген мейірім туған түтінді, кіндік қаны тамған топырақты қадірлеуден, мәртебесін биіктеуден басталса керек. Адам жанының қатпарындағы осы қасиет ұрпақтан-ұрпаққа

білген Абылай ханның әскері кідірген. Хан базары болған соң қазақтың тәуелсіздігі үшін өмір бойы патшалы Ресейге қарсы күрес жүргізген, тіпті, сол жолда жанын қиған Кене-сары ханның да әскері келген. Осыған қарап-ақ Жөлектің тарихы тым теренде жатқанын түсінуге болады. Жөлек – Сырдария өзенінің бойын мекен еткен қыпшақтардың ата қонысы. Жөлек маңындағы Оқшы Ата қорымында мәңгілік байыз тапқан жеті әулие – Асан ата, Оқшы ата, Қыш Ата, Гайып ата, Кітап ата, Есабыз әулие, Бала би, Досбол би және басқалардың көне мазарлары Жөлектің тарихын тым әріден тартады.

Ұлы Отан соғысына Жөлектен 224 азамат аттанса, соның 132-сі кан майданда мерт болды. Тек 92 майдангер елге оралып, қайнаған еңбектің ортасына түсті. Соғыстан кейінгі жылдары тұралап қалған елді көтеру шаруаларына араласты.

Бұл ауылдан алтыннан алқа тағып, елдің алғысын жамылған 86 алтын құрсақты Батыр Ана шықты. Тәуелсіз Қазақстанның бір пұшпағындағы елді мекеннің бүгінгі тыныс-тіршілігіне атсалысып, аянбай еңбек етіп жүргендер де сол аяулы ата-аналарымыздың перзенттері. Кейінгі жастарымыздың ұлық істі жалғастырып, киелі мекеннің келешегі

нында жеті бірдей мешіт үйінің бой көтеріп, пайдалануға берілуін ұйымдастырған, қайырымдылығымен жерлерінің зор құрметіне ие Тілеуберген Шәутай әрдайым қамқорлық танытып, ел енесі көтерілуіне өзіндік үлесін қосып келеді.

Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында Жөлек ауылында Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасына сай тартымды да өнегелі шара өткізілді. Ұлы Жібек жолы бойындағы ежелгі қоныстың маңызына мән берілумен қатар, кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық, жастардың отансүйгіштік, азаматтық рухта тәрбиеленуіне тірек боларлық қажетті жиын еді. Өйткені тарихын білген ұрпақ өткенді бағалап, алдағы өмірге сенім арттады. Қасиетті жерінің қадірін біліп өскен азаматтың мемлекеттің болашағы үшін аянбай тер төгері де анық.

«Көркейе бер, туған жер!» акциясы аясында қонақтар мен ауыл азаматтары арнайы алаңға ағаш көшеттерін отырғызды. Мәдениет үйінің фойесіндегі түрлі көрмелердің келушілерге көрсетері мен қызылықты жастары да мол болды. Олардың арасында Астана қаласына жолдама алған қазақы киіз үйдің жабдықтарын жасайтын шеберлер де болды. Сонан соң ежелгі өлке Жөлек туралы осындағы мектеп оқушылары тартымды көріністер көрсетті. Қойылымның сценарийін жазып, сахналаған осы ауылдың тумасы, талантты режиссер Зульфия Шалабаева. «Тағылымы мол тарихи өлке» атты ғылыми-танымдық конференция аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаевтың кіріспе сөзімен басталды. Жиын барысында тарих ғылымының докторы, профессор Да-станбек Сәтбай, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы Тәттігүл Қартбаева, тарих ғылымының кандидаты Әмина Ахантаева Жөлек ауылының тарихы өткен кезеңдердегі Сыр бойы казактарының тыныс-тіршілігі туралы баяндамалар жасады. Тарих пәнінің мұғалімі, №45 казак орта мектебінің ұстазы Тұлшара Дүйсенбіева лебізін білдірді.

Шара барысында «Сырдың сырлы Жөлегі» атты тарихи-танымдық кітап оқирман қолына тиді. Жинақты баспаға дайындап, оқырмандарына ұсынған ауыл басшысы Бегімтай Сатаев екендігі көпшілікті сүйсіндірді. Ұздік ауыл мектебінің ұздік оқушыларына ауыл әкімі тағайындаған стипендия мен арнайы сыйлықтар табысталды. «Ардагерлер» және «Әжелер» ансамбльдері өнер көрсетіп, көркемонерпазлар мүшелері ән мен билен шашу шашып, келушілерді шаттыққа бөледі. «Оқуны ата» кесенесінде аруақтарға арналып ас берілді, бата қайырылды.

Үлгілі шара басқа да елді мекен тұрғындарына ой салып, ынтымақ пен бірлікті бекемдей түсті.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы, Жөлек ауылы.

ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖӨЛЕК

жалғасып жатса, еліміздің іргесінің бекем болары анық. Байырғы заманнан іргесі қаланып, бүгінде енселі ауылға айналған Шиелі ауданындағы Жөлек елді мекенінің тарихы ердеден бастау аларын көне тарих шежіресі қазіргі уақытқа да жеткізді.

Аудан орталығынан солтүстік-батысқа қарай 34 шақырым қашықтықта орналасқан ауылдың тарихы жайлы сөз еткенде тарихшылар алдымен бұл өлкеде үлкен еңбексіз болғанын атап көрсетеді. Тоғыз жолдың торабында орналасқан бекіністе Ұлы Жібек жолының бойындағы үлкен базардың бірі орналасқан екен. Шиелі мен Жаңақорған аудандарының шекарасындағы тарихтан сыр шертетін Сығанақ қаласы бір кездері Қыпшақ мемлекетінің үлкен сауда-саттық және саяси орталығы болған. Сығанақ арқылы Ұлы Жібек жолының керуеншілері Түркістан, Отырар, Сайрамға тауар жеткізіп, сауда-саттықпен айналысқан. Сырдария мен Қаратау аңғарындағы Созақ, Күмкент, Жаңакент секілді қалалар мен қыстақтардың да бір жерде шоғырланатын қолайлы орталықтары болған. Сол маңдағы ең үлкен «Хан базары» Жөлекте орналасыпты. Кейін бұл аймақты да керуеншілер мен сол кездегі билік басындағылар арнайы орталық ретінде пайдаланған. Тіпті, Жөлек арқылы сонау Бұхараға дейін алып баратын хан жолы өткен. Ханның жолы болғасын керуеншілер де, басқалы сауда-саттықпен де айналысатын үшін ең тиімді әрі қауіпсіз жолдардың санатына жатқан. Сол себепті жолдың жағасында арнайы керуен сарайы болған деседі. Мұнда үш жүздің басын қосып, бар қазақтың арманы мен берекесінен айырылған жоқ. Келешек үшін жұмыс жасау үрдісінен жаңылған емес.



Бүгінде Жөлек – Шиелі ауданының іргелі ауылдарының бірі. 6210 га алқапты алып жатқан ауыл халқының саны 2 мыңға жуық. Мұнда 300-ден астам отбасы тіршілік етеді. Ауыл халқы – ежелден ынтымақ пен бірлікті сүйеу еткен, берекелі тірлікті тірек еткен, келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін еңбек етіп келе жатқан қалың қауым. Ел басына күн туған небір зұлматты замандарда да бірлігі мен берекесінен айырылған жоқ. Келешек үшін жұмыс жасау үрдісінен жаңылған емес.

үшін тер төгіп жүргендігі қуантады.

Өткен ғасырдың 50-жылдары іргесін көтеріп, 90-жылдарға дейін ел экономикасына елеулі үлес қосқан «Сырдария» совхозының дария жағасында гектарлап өсірген егіні мен бау-бақшасы, төрт түлкіті қатар өргізгендігі бүгінгі ұрпақ үшін ертегі секілді көрінгенімен, шындығы сол. Шаруашылықтың орталығы да осы елді мекен болаған. Нақты кезеңде Жөлекке Бегімтай Сатаев басшылық жасаса, облыстық мәслихат депутаты, Шиелі аудан-

ҰЛАҒАТ ЖОЛЫ

Орта Азия аймағына ислам дінін жеткізіп, таратушы болып араб елдерінен келген діни ғұламалардың үлкен тобы – Әбдірахым баб, Ысқақ баба (Баба ата) және Әбдіжәлел бабтың (Хорасан ата) есімдері ерекше аталады.

Пайғамбарымыздың күйеу баласы, әрі немере інісі Әзірет Әлінің сегізінші ұрпағы саналатын Ысқақ баб пен Әбдіжәлел бабтың әкесі Әбдірахман баб Шам шаһарының (Дамаск қаласының) патшасы болған. Ол дүниеден өткен соң тағина мұрагер деп үлкен ұлы Ысқақ баб отырғызылды. Ал, Әбдіжәлел баб – Бағдаттың патшасы еді. Дін жолында тақтан бас тартып, Алатаумен түйісетін қарт Қаратау өңірі ме Сыр бойын жағалап, Өзгент, Баршынкент, Жалтіресек, Жаркент қалаларын аралап, Сейхун дарияның сол жағалауы – Қызылқұм өңірінде Тобытқыс аралына (қазіргі Жаңақорған ауданы аймағы) келіп мекендейді.

Ысқақ баба – Қаратау өңірі, Созақ аймағында өмір сүрген. Ол Қожа Ахмет Иассаундін он үшінші атасы. Мұхаммед ибн аль-Ханафия әулетінен, пайғамбарымыздың қызы Фатимадан туған ұл – Әл Хусейннен тарайтын діни қайраткер.

Осылайша, Әбдіжәлел баб (Хорасан Ата) Сыр бойында ислам дінінің туын тіктеп қалады. Пайғамбарымыздың есептеп орындап, айналасындағы жұртшылықты дінге үгіттеп, оны ұстанушылар қатарына кіргізіп, оның насихатшысына әрі атақты абызына айналды. Ислам дінінің бітір әулиесі денгейіне көтерілсе, мойындаған «баб» деген аса жоғары діни атақты иемденіп, жұртшылыққа теңдесі жоқ данышпан ғұлама ретінде танылады.

Осыдан бір мың бір жүз он сегіз жыл (1118 жыл) бері Хорасан ата рухына тағзым жасалып, өнегелі, итілікті істері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Жаңақорған аумағында баба кесенесінде жыл сайын Наурыз мерекесінің екінші күнінде, яғни, 23 наурыз бабаны ұлықтаған күн болып белгіленген. Әр өңірдегі баба ұрпақтарының белгілі бөлігі, құран бағыштап ас береді.

Быыл Отырар ауданындағы Көксарай ауылындағы ағайындар арнайы ұйымшылдық көрсетті.

Бұл киелі мекенге аптасына жүздеген зиратшылар келеді. Туристік-зиратшылар Арыстанбаб – Қожа Ахмет Иассауи – Әбдіжәлел Баб – Хорасан Ата – тарихи орындарына – Отырар – Түркістан – Жаңақорған бағыттарында автобустар қатынайды. Туризм бағытында да жұмыстар қолға алынуда.

Мұнда белгілі тұлғалар отырғызған ағаш аллеясы бар. Бұл күнде қоғам қайраткерлері Сейілбек Шаухаманов, жазушы Қасым Қайсенов, ақын Қалдыр Мырза Әлі, Әлілхан Нұршайықов, Мұрат Жұрынов, Мұрат Өуезов, Бердібек Сапарбаев, Қырымбек Көшербаев, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Дархан Мыңбай, Әлихан Байменов, Ержан Уәйіс, Руслан Рүстемов, Досхан Жолжақсынов, Көпен Әмірбек, Шәмші Пәттеев, Роза Әлқожа, сенаторлар Мұрат Бақтиярұлы, Бекмырза Еламанов, Зинабдин Шермағамбетов, т.б. екен ағаштар көгеріп, бүршік жаруда.

Быылғы басқосуға Өзбекстан, Қарақалпақстан, Орынбор, Омбы, Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Павлодар, Ақтөбе, Семей, Тараз, Шымкент, Түркістан, Жетісай, Шардара, Отырар және Қызылорда қалалары мен аудандарынан екі жарым мыңнан астам қонақ, баба ұрпақтары қатысты.

«Әбдіжәлел баб – Хорасан ата» қоғамдық қорының президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Уәйіс быылғы бас қосудың маңыздылығы, қазақ дала-сында Ислам дінінің қалыптасып, өркен жаюы туралы баяндалы. Хорасан Атаның тарихтағы орны жайында әңгімені өрбітті.

ЖАҢА КҮННІҢ ЖЫЛУЫ

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын Шиелі жұртшылығы аудандық Мұстафа Шоқай атындағы орталық алаңда думандатып қарсы алды.

Жыл бастауына арналған мерекелік шара тал көшеттерін отырғызудан басталып, аудан өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасына ұласты. Шарала сөз алған аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев жұртшылықты Наурыз мерекесімен құттықтап, ынтымақ пен береке тіледі. Мемлекет басшысының жүргізіп жатқан саясатын онан әрі өрістетудегі аудан халқының қажыры мен бірлігіне сенім білдірді.

Әр ауылдың жанында «Әжелер ансамблі» ән шыркап, көрмелер мен салт дәстүрлер орындалды. Сонымен бірге ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылып, ұлттық құндылықтарымыз дәріптелді.

«Шиелінің қайырымды жандары» еріктілер тобы да өз алдарына дастархан жайып, тұрмысы төмен отбасыларды жайылған дастарқанға шақырды.

Жаңақорғанда Наурыз мерекесі кең көлемде аталып өтілді. Аудан орталығындағы алаңдағы сән-салтанат тіптен жарасымды болды. Шапан киген ақсақалдар мен киімшек киген әжелер жастарға бата беріп, ертеңгі күндеріне сәттілік тілеп жатты. Аудан әкімі Ғалым Әміреев жұртшылық алдында құттықтау сөз сөйледі.

Аталған шара барысында Ержан Уәйіс және Тұрсынхан Құрманбековке «Жаңақорған ауданының құрметті азаматы» атағы тапсырылып, басқа да түрлі сала үздіктері марапатталды. Осы шара аясында Қыраш және Манап ауылдық округінің әкімдеріне қызметтік көліктің кілті де берілді.

Орталық алаңда бірнеше ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізілді. Сондай-ақ, «Жігіттер қвартетінін» Жаңақорғанға келіп, Наурыз мерекесімен аудан халқын құттықтауы әсерлі болды. Танымал ұжым өз өнерлерімен аудан халқына керемет қуаныш сыйлады.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі, Жаңақорған аудандары.



Қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов, Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, Қорқыт ата атындағы университет профессоры Қазыбай Құдайбергенов, дінтанушы профессор Мұхиддин Иса, жазушы Көпен Әмірбек, Құдияр Біләл, Есенғали Раушанов, Аманхан Әлім, актебелік кәсіпкер Төрехан Жәдігеров, Мұхит Исмайлов, шымыкенттік Әнуар Сейітжанов, Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Серқожа Ыдырысов, абыз ақсақал Ибадулла Байғожин сөз сөйледі.

Ұлттық Ғылым академиясы президенті Мұрат Жұрынов, қоғам қайраткерлері Мұрат Өуезов, Әлихан Байменов, Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтан келген құттықтау жедел хаты оқылды. «Ысқақ баб» қоғамдық қорының президенті Молдахмет Әшімов баба кесенесі салынған картина-ны табыстады.

Дін ғұламалары исламның ролі туралы келелі әңгімелер айтты. Баба кесенесі электр жарығымен жарықтанған. 30 шақырым жерге ас-фальт жол төселді.

Журналист Ержан Уәйістің құрастыруымен жарыққа шыққан «Қазақ даласында Ислам дінінің қалыптасып, өркен жаюы» тақырыбында кітапша таратылды.



* * *

Қызылорда облысының Статистика департаментінің ұжымы департаменттің сауда басқармасының бас маманы Сералиева Майра Орынбайқызына әкесі **Сералиев Орынбай Серәліұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● ҰЛТТЫҢ ДАРА ӨНЕРІ

АРҒЫМАҚ АТТА СЫН БОЛМАС...

Сыр елінде жылқыға деген құрмет жоғары. Оны ат спортымен айналысушылар бойынан да аңғарамыз. Ал, ат спорты ұлттық түрлерінің облыстық федерациясы қоғамдық бірлестігінің президенті Айтбай Көшербаевтің торағалығымен өткен есепті жиналыста жылқы жайлы пікір алғausыз айтылды. Сондай-ақ, қатысушылар қалалық ипподром мен бөйге жарысының ерекесін талқылады.

Айта кетейік, қаңтар айында Астана ҚР ат спорты ұлттық түрлерінің есепті жиналысы өткен болатын. Жауапты жиында еліміздің бірқатар аймағында республикалық федерация ықпалымен өтетін іс-шаралар ерекжесі ұсынылды. А.Көшербаев өз баяндамасында Сыр халқының ұлттық спортқа деген қызығушылығының жоғары екенін атап өтіп, аймақта атқарылатын жұмыстарға кеңінен тоқталды.

– Сыр бойы тұрғындарының басым көпшілігі қазақ болғандықтан біздің өңір үшін ұлттық ат спортының маңызы жоғары. Аталған спорт түріне бұған дейін әртүрлі себептермен көңіл бөлінбей келген болатын. Біз осы мәселені ескере отырып, 2015 жылдан бастап ауқымды жұмыстарды қолға алып жатырмыз. Облыс орталығында жаңа ипподром пайдалануға беріліп, ол жерде үлкен деңгейдегі додаларды ұйымдастыру мүмкіндігіне ие болдық. Осының өзінен аймақта ұлттық ат спорты түрлеріне деген қолдау барына көз жеткізуге болады. Түрлі додаларда топ жарып жүрген спортшыларымыздың да қаржысы жоғары деңгейде. Сыр көкпаршылары республика бойынша екінші орында келеді. Биылғы жылы Астанада ӘКСПО – 2017 көрмесі аясында дүниежүзілік ат спорты олимпиадасы өтеді. Дүбірлі долаға Қызылорда облысы да белсене атсалысады, – деді бірлестік президенті.



Сонғы жылдары елімізде, оның ішінде Сыр өңірінде ұлттық спорт түрлеріне қолдау көрсетіліп келеді. Оның дәлелі 2015 жылы қалалық ипподромның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген болатын. Аталған нысан мемлекеттік жекеменшіктің өрістестігі аясында «Қазі ермұнай» ЖШС-ның демеушілігімен бой көтерді. Бүгінде қалалық ипподромда республикалық деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылып келеді. Нысан пайдалануға берілген жылы республикалық «Ат спорты» фестивалі өтті. Сонымен қатар, өткен жылы «Алтын дән» мерекесі қарсаңында жүзде қоры 5 млн теңгені құрайтын атсейістер сайысы ұйымдастырылды. Алдағы уақытта облыстық ат спорты ұлттық түрлері федерациясының қызмет ауқымы кеңейеді. Себебі, облыстық федерацияның қала мен барлық аудандардан өкілдіктерін ашу жоспарлануда. А.Көшербаев бұл жұмыстар жүзеге асса, ұлттық спортқа қызығушылығы басым ауыл жастарына үлкен көмек болатынын айтты. Сондай-

ақ, қатысушылар да ұтымды ұсынысты бірауыздан қолдады. Жиында жанкүйерлер аймақта атсейіс болып жүрген азаматтардың және ұлттық спортқа еңбегі сіңген өңір тұрғындарының еңбегі еленіп, марапатқа ұсынылса деген тілектерін жеткізді. Сондай-ақ, Жаңақорған ауданында «Көкпар» ойын-ұйымдастыруға арналған ипподром салына деген ойларын жеткізді.

Биыл Тараз қаласында ат спорты ұлттық түрлерінен бірнеше сайыс өтеді. Дүбірлі долада аймақ намысын қорғауға Сыр спортшылары да дайындалуда. Облыс спортшыларының жетістіктеріне тоқталған қалалық спорт мектебінің директоры Ғабит Макашев алдағы аламан додаларда да олардың топ жаратынына сенім артатынын айтты. Жиын соңында А.Көшербаев басқосуда көтерілген ұсыныстарға байланысты алдағы уақытта тиісті жұмыстар атқарылатынын жеткізді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТУДЕ

● СПОРТ



Қала орталығындағы «Муз айдыны» спорт кешенінде 2001-2002 және 2003-2004 жылдары туылған қыздар арасында волейболдан ел чемпионаты басталды.

Жарысқа Астана мен Алматы қалаларынан және Ақтөбе, Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Оңтүстік, Шығыс, Солтүстік және Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарынан барлығы 36 команда қатысады. Олар сегіз топқа бөлініп, өнер көрсетуде.

Айта кетейік, алғашқы ойында облыс командасы солтүстіктерді айқын басымдықпен ұтты. Бұл жылдар арасындағы ҚР чемпионатының жеңімпаздары 28 наурыз күні белгілі болады.

Н.АЛПЫСБАЙҰЛЫ.

«ЭКОПАТРУЛЬ» КОНКУРСЫ

Қазіргі таңда кез келген өңірдің экологиялық жағдайы ең өзекті және ерекше назар қоюды талап ететін мәселелердің бірі. Осыған орай, Қызылорда облысының табиғат қорғау прокуратурасымен барлық облыс тұрғындарына «Экопатруль» атты конкурсы жарияланды.

Аталған конкурстың мақсаты – тұрғындардың назарын аймақтың өзекті қоршаған орта мәселелеріне аударуға көмектесетін өзекті.

Конкурстың тәртібіне сәйкес, қатысушылар өздерін толғандырып жүрген экологиялық ахуалды зерттеп, оларды шешудің игі жолдарын ұсынып, нақты идеяларды табыстау қажет.

Осыған орай, егер өңіріміздің экологиялық жағдайына немқұрайлық танытпасаңыз, аталған конкурстың қатысушыңызға болады.

Қатысам деушілерге құжаттарды қабылдау 10.04.2017 жылға дейін созылады. Ең қызықты әрі негізді деп танылған жоба авторлары конкурстың екінші кезеңіне өткізіледі. Екінші кезеңнің иетігісі бойынша ең ұзақ деп танылған 3 жоба авторлары Қызылорда облысының табиғат қорғау прокуратурасы арнайы сертификаттармен, медальдармен және сыйлықтармен марапатталады.

Аталған конкурстың бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, +7-747-174-45-11 ұялы телефон нөміріне хабарласуларыңызға болады.

Ақбөбектің аеулары

Ақбөбек Алтынбекқызы – Қазалы ауданы, Бірік ауылы №102 орта мектебінің 9-сынып оқушысы. Ақбөбек – озық ойлы ізденімпаз оқушы.

Оның қазақ тілі, физика, тарих пәндеріне беімі бар. Сонымен қатар, спортты да жақсы көреді. Мектеп жанынан құрылған футболдан «Бірлік» қыздар командасының құрамында өте жақсы ойыншы.

Ақбөбек Орынбасар аудандық, облыстық оян олимпиадаларына қатысып, бірнеше рет озықтар қатарынан көрініп, жүлделі І, ІІ, ІІІ орындарды иеленіп келеді. Мәселен, 2016-2017 оқу жылында республикалық интеллектуалдық марафонда жоғары бағл жинап, жүлделі І орында иеленіп, мектеп абыройын асқатқатты.

Мәнішүк САДЕНОВА,
Қазалы ауданы, Бірік ауылы,
№102 орта мектебінің мұғалімі.



«ЗЕРДЕДЕГІ» ЗЕРЕКТІК

Сырбойлық білімпаз жастар Ақмола облысы Бұрабай ауданының Шу-чичек қаласында өткен І-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының ХІІ республикалық «Зерде» конкурсында түгелдей дерлік жеңіс тұғырынан көрінді.

І орын иеленгендер қатарында Алімз Әбілбеков, Кәусар Қабылбек, Әбілмансұр Әкімшаев, Аяжан Тоқтарова және Данияр Алпамыс бар. Ал Гүлвира Ұзақбаева, Айнара Бекмырзақыз, Ұлан Бекмаханова, Бибінуір Темірбек – ІІ орын, Дильназ Айтбаева, София Әбібулла, Шапағат Байтабай, Ерасыл Сапарбеков ІІІ орынға лайық деп танылды. Ербол Әбдіфуллаев, Асыл Ысқақ, Жәсмин Бақытбек, Жібек Шәріпбай алғыс хатпен марапатталды.

Білім бәйгесінде оқ бойы озық көрінген олар ХІІ республикалық «Зерде» конкурсының облыстық кезеңінен сүрінбей өткен болатын.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

● ОЙТҮРТКІ

БАТА – БАЯҢДАМА, ТІЛЕК ТОСТ ЕМЕС

Қонақтамыз. Үйлену тойы. Ет желініп, шай ішіліп болды. Бас табақ иелерінің бата беретін реті. Жасы алпыстың о жақ-бұ жағындағы төрт-бес кісі бір-біріне ысырып сала берді. Сол жерде «сен айт» та, «сен айт» болды. Біреуін ақыры көңдірі-ау. Қонақтар қолдарын жайып күтіп отыр. Әлгі атамыз «ал мына екі жас бақытты болсын!» деп бастап, аяғында інісінің үрім-бұтағын түгендеп кетпесі бар ма?! Жұрт жалықты ғой

деймін, әбден тыпыршыды. Қатарда қалжыңбас жігіт ағасы бар екен, сол «мынаның әуіміні қай жерінде?» деп қойып қалды. Абыржып қалған ас қайырушы ата бата соңын қысқа қайырып, отырғандар «уһ» десті.

Өткен жолы қалада салтанатты рәсімде есімін көпшілік билетін ағамыз бата беруі тиіс-ті. Тәп-тәуір бастап келе жаты да саясаттан әңгімеңі соқты. Пәлен жыл бастық болған кісі батаны баяндамаға айналдырып жіберіп, неге алақан жайып тұрғанымызды ұмытып қала жаздағанымыз бар. Мұндай келенсіз жағдайлар ара-тұра кездеседі. Бата – баяндамаға, тілек тостқа айналған кезде «әй, ағалар-ай!» дегеннен басқа сөз таппайсың.

Қызылорда қаласында тұратын батагөй ақсақал Абызбай Махамбетов ізгі тілектен, игі ниеттен туған сөз-мұраның мән-мағынасы мен қадір-қасиетіне терең бойлай бермейтін қатарластарын көргенде қынжылатынын айтады. Жасы 80-нен асқан Абызбай ата – облыстық мәдениет басқармасы және ардагерлер кеңесі

ұйымдастырған «Ақ бата» байқауының жеңімпазы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

– Кеңес өкіметі кезінде көптеген салт-дәстүрімізге тыйым салынып, олармен тек тәуелсіздік алған соң ғана қауыштық. Соның бірі – бата. Кейде үлкендерден бата сұрасаң, аузына сөз түспей, жан-жағына жалтақтай береді. Адам өмірінің қарттық кезеңі зор салмақ пен жауапкершілік жүктейді.

Барған жерінде «үлкен екенің» деп кеудесін кепіріп, төсін ұрып, не болса соны айта беру дұрыс емес. Аузына ата сақалы түсссе де кей замандастарымыз батаның қадір-қасиетін, мән-мағынасына терең бойлай бермейді. «Парасатсыз көрілген сақасын, Душпанның көрінемең сақасын!» деген осыдан шықса керек, – дейді батагөй ақсақал.

Әдебиет зерттеушісі Серік Негимов батаны Құранның «Фатиха» сүресімен байланыстырады. Араб тіліндегі «Фатехе» сөзі ақ тілек, ақ ниет білдіру деген мағынаны білдіреді екен. Бата беруінің

дің өз жөні мен жолы бар. Қонақтар арасында оны үлкен адам немесе көптің рұқсатымен жас та болса бас боларлық адам береді. Ер адам отырғанда әйел ас қайырмайды. Мерейінді өсіретін осынау аталы сөз қазақ үшін құнды. Соны ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін алдыңғы буын парасат биігінен түспесе екен. Әйтпесе, «енді не дейміз?!» деп қалбалақтап тұрған қариядан не қайыр?

Назерке САНИЯЗОВА.



● ЖӘДІГЕР

СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН КІТАПТЫҢ СЫРЫ ДА КӨП

Сексенжылдық тарихы бар, өңіріміздегі іргелі оқу орындарының бірі Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың ғылыми-техникалық кітапханасының өзіндік ерекшеліктері бар. Бүгінгі күні мұнда 2 миллионға жуық кітап қоры бар. Ғылыми кітапхана студенттер мен ғалымдарға, оқырмандарына заманауи талаптарға сай етіп, ақпараттық технология, пайдаланушыларға техника үрдістерін шебер қолданып, пайдаланушыларға қызмет көрсетуде. Бір қызығы, мұнда сирек кездесетін қолжазбаларды алып, қажетіңізге жаратуыңызға болады. Бұл кітаптарда тұратын ғылыми-техникалық кітапханасының бөлім меңгерушісі Рахила Доспаева былай дейді: «1988 жылы КСРО Жоғары оқу орындары министрлігінің №50 бұйрығы негізінде кітапхана қорынан құрылған сирек кездесетін әдебиеттер бөлімі – біздің мақтанышымыз. Бұл қорда 1760-1947 жылдары жарық көрген ескі славян, орыс, көріс, неміс, ағылшын, латын тілдеріндегі жалпы саны 5000-ға жуық әдебиеттер сақталған. «Ең ескі» және ерекше кітаптар қатарына 1760 жылы жарық көрген «Древняя история об египтянах, карфагенянах...» шығармасын, екініші Екатерина ықпалымен 1894 жылы Санкт-Петербургтен шыққан 2 томдық таңдамалы шығарма және «Словарь писателей среднего и нового периода русской литературы XVII-XIX (1700-1825 гг.)» және т.б. жатады.

Аталған кітапхана өткен жылдың қараша айында Астана қаласында



өткен «Eurasian Book Fair – 2016» Еуразиялық халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесіне қатысып, кітап қорының ерекшелігін тағы бір дәлелдеді. «Кітап – ғасырлар куәсі» тақырыбымен өткізілген кітап көрмесіне «Қазақстаника» бойынша топталған жинақтар, ұлттық салт-дәстүр, Сыр елінің ақын-жыршыларының араб тіліндегі қолжазбалары және этнограф, саяхатшы В.Бартольдтің XIX ғасырда Сыр бойына жасаған зерттеу жұмыстары, XVII-XVIII ғасырда жарыққа шыққан қытай иероглифтерімен таңбалған қорей халқының тарихы, әдебиеті және өнерін баяндайтын шығармалар, 1914 жылы шыққан «Азиатская Россия» деп аталатын 3 томдық альбоммен және т.б. тарихи құнды кітаптарға шет ел қонақтары мен сонда жиналған көрменің көрермендер легінің басым бөлігі біздің қазыналарымызды қолына ұстап таңданыстарын жасйра алмады.

Қазіргі таңда Сыр өңірінің ақын-жаырауларының төте жазуымен жазылған қолжазбалары қазақ тіліне аударылып жатыр. Бұл еңбек алда баса бетін көріп, оқырман қолдарына тиер кітаптардың бастамасы болмақ.

Әрине, сирек кездесетін асыл мұрамызды келер ұрпаққа жеткізу, насихаттау – біздің асыл мұратымыз.

Маржан ӘШІРАПБАЙ,
ҚМУ-дың ІІ курс студенті.

БІР ЖҰЛДЫЗ БОЛЫП ЖАНАМ МЕН...



Жазушы ел аралап, жер шарлап, емін-еркін жүре алмаса да, Сыр бойының тұнған тарихын үйде жатып-ақ зерттеп, зерделеп, жинақтай білді. Көп жылғы еңбегінің нәтижесі «Сыр бойы» атты ел тарихын толғаған әңгімесінен көремсі. Осылардың барлығын тізбектесек, Бөгеннен ұшқан бұлбұл ақын 3.Шүкіров қалып оқырманға отызға жуық кітап ұсыған екен. Бүгінде ақынның өлеңдерін жастар жатқа айтып, сахна төрінде жырға қосып жүр.

Оның туындыларын ұрпаққа дәріптеу мақсатында А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Бір жұлдыз болып жанам мен...» атты облыстық жазба ақындар мұшайрасы өтті.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен мәдени-просеріс орталығы, «Халық шығармашылығын дамыту» бөлімінің ұйымдастыруымен өткен мұшайраға облыс бойынша 18-40 жас аралығындағы 16 ақын қатысты. Онда талапкерлер Зейнолла ақынның шығармашылығын үлгілі оқып және бұрын еш жерде жарияланбаған (өз таңдауы бойынша) жаңа өлеңдерін ұсынды.

Үміткерлердің өнерін бағалау кезінде ақынның өлең мағынасының тереңдігі, сөз тапқырлығы, шумақ ұйқасының күрделілігі, тақырыптың ашылуы, идеялық мазмұны, ой мен қиялдың ұшқырлығы, көркем ой табуға ұмтылуы және өлеңін жатқа айтуына баса назар аударылды. Қазылар алқасының шешімімен мұшайраның бас жүлдесін қызылордалық ақын Биоблат Сәтжанов жеңіп алды. Сыр бойының жас ақыны Ұлықбек Тәңірбергенов І орынды иеленді. Ал Шиелі ауданының жас ақыны Ергіжіт Бекжан, Қармақыс өңірінің тумасы Айбану Қалиева мен Сырдария ауданынан келген Ақтөре Ибрагимұлы келесі жүлделі орындарды өзара бөлісті. Мұнан бөлек, көрермендерге татымды жырдан шашу шашқан басқа да ақындар түрлі номинация бойынша марапатталды. Шара соңында ұйымдастырушылар жеңімпаздарға дипломдар табыстап, бағалы сыйлықтар үлестірді.

– Қазақ поэзиясының дамуына мол үлес қосқан ақынды еске алуға арналған шаралар осымен тоастанмайды. Алдағы уақытта ақынның туған жері – Арал өңірінде ақынның айтқанын өткізу жоспарда бар. «Бір жұлдыз болып жанам мен, бір жұлдыз болып қалам мен!» деп ақынның өзі айтқандай, әр келген жан ұрпақ қайсар ақындары оқи отырып, оны жаңа қырынан танып, оның өлеңдеріне, өмір жолына басқа көзбен үйледі. Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті тарихында 3.Шүкіровтің ақындық рухы ұрпағымен мәңгі жасай бермек, – дейді Халық шығармашылығын дамыту бөлімінің меңгерушісі Гүлжан Байзақова.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ.

ОБЛЫС ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының ұылдырық шашу және көбеюі кезеңінде Арал теңізіне құяр сағадан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 1 сәуір мен 30 мамырды қоса алғандағы аралықта, Кіші Арал теңізінің (Кіші Арал теңізіндегі Бұтақова және Сарышығанақ қойнаулары, оларды суландыратын өзектерде көктемгі мұз кетуінен бастап) су айлағында 1 мамырдан 10 маусымды қоса алғандағы аралықта, Қызылорда облысының шегіндегі су айдындарында 20 сәуірден 10 маусымды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салынады. Сонымен қатар Артемияның көбеюі кезеңінде Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейін Қазақстан Республикасының аумағы шегінде Тұщыбас, Чернышева шығанақтары қоса алғанда, Үлкен Арал теңізінде 1 сәуірден 31 шілдені қоса алғандағы аралықта артемия жұмыртқаларын жинауға және дайындауға тыйым салыныптығын хабарлаймыз.

Облыстағы табиғат пайдаланушылардың назарына, балық шаруашылығын жүргізу келісім-шартына сәйкес жоғарыда көрсетілген кезеңдерде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) уәкелдерінде балық ресурстарының қорғалуын қамтамасыз етуді ескертеміз.

Қызылорда облысының табиғат ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы, байланыс телефондары: 23-19-66, 30-78-03.

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

Бөлімдер:

руханиет және өнерат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-88

әлеумет және асаат - 70-00-41

жарам - 70-00-48, 70-00-52

өсімшак - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қызыл: Жұматәлі Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жамбыл: Нұржанов Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газеті алтасына 3 рет, сәйкесінді, бейсенді, сенбі күндері шығады

Ақпараттық қызметі: Республикасының Мәдениет және ағарту министрлігі

Ақпарат және мәдениет министрлігі

Тіркеу нүктесі: №12993-7, 27.08.2012 ж.

«Сыр бойы» облыстық газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2009

«Сыпа менеджменті жүйесі»

талпықтары сәйкес сертификатталған

Ақпараттық қызметі: Республикасының Мәдениет және ағарту министрлігі

Ақпарат және мәдениет министрлігі

Газеттің редакциясы компьютер орталығында жұмыс істейді. «Сыр медиа» ЖШС-ға бөлекханада сақталып, Тел: 8 (743) 44-08-68

Газеттің таралуы бойынша 87242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбітшілік Сұлтан көшесі, 4/А

Таралымы 29475

Тәпсырыс №350